

Білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарды әкелу туралы келісімді және оған Хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 197 Заңы

1950 жылғы шілдеде Флоренцияда қол қойылған Білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарды әкелу туралы келісім және 1976 жылғы қарашада Найробиде қол қойылған оған Хаттама бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарды әкелу туралы КЕЛІСІМ

Білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарды әкелу туралы келісімге келісуші мемлекеттердің тізімі

- | | |
|-------|-------------------------|
| 1 . | А в с т р и я |
| 2 . | А у ғ а н с т а н |
| 3 . | Б а р б а д о с |
| 4 . | Б е л ь г и я |
| 5 . | Б о л и в и я |
| 6 . | Б у р к и н а - Ф а с о |
| 7 . | В а т и к а н |
| 8 . | В е н г р и я |
| 9 . | В ь е т н а м |
| 1 0 . | Г а б о н |
| 1 1 . | Г а и т и |
| 1 2 . | Г а н а |
| 1 3 . | Г в а т е м а л а |
| 1 4 . | Г р е ц и я |
| 1 5 . | Д а н и я |
| 1 6 . | Демократиялық Кампучия |
| 1 7 . | Е г и п е т |
| 1 8 . | З а и р |
| 1 9 . | З а м б и я |
| 2 0 . | И з р а и л ь |
| 2 1 . | И о р д а н и я |

		2 2 .	И р а к
23.	Иран	/Ислам	Республикасы/
		2 4 .	И р л а н д и я
		2 5 .	И с п а н и я
		2 6 .	И т а л и я
		2 7 .	К а м е р у н
		2 8 .	К е н и я
		2 9 .	К и п р
		3 0 .	К о н г о
	3 1 .	К о т - д	И в у а р
		3 2 .	К у б а
33.	Лаос	Халық-Демократиялық	Республикасы
34.	Ливия	Араб	Жамахариясы
		3 5 .	Л и х т е н ш т е й н
		3 6 .	Л ю к с е м б у р г
		3 7 .	М а в р и к и й
		3 8 .	М а д а г а с к а р
		3 9 .	М а л а в и
		4 0 .	М а л а й з и я
		4 1 .	М а л ь т а
		4 2 .	М а р о к к о
		4 3 .	М о н а к о
		4 4 .	Н и г е р
		4 5 .	Н и г е р и я
		4 6 .	Н и д е р л а н д ы
		4 7 .	Н и к а р а г у а
	4 8 .	Ж а њ а	З е л а н д и я
		4 9 .	Н о р в е г и я
50.	Танзания	Біріккен	Республикасы
		5 1 .	О м а н
		5 2 .	П ә к і с т а н
		5 3 .	П о л ь ш а
		5 4 .	П о р т у г а л и я
		5 5 .	Р у а н д а
		5 6 .	Р у м ы н и я
		5 7 .	С а л ь в а д о р
		5 8 .	С а н - М а р и н о
		5 9 .	С и н г а п у р
60.	Сирия	Араб	Республикасы

61. Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия
Біріккен Корольдігі
62. Америка Құрама Штаттары
63. Сүлеймен аралдары
64. Сьерра-Леоне
65. Таиланд
66. Тонга
67. Тринидад және Тобаго
68. Тунис
69. Уганда
70. Германия Федеративті Республикасы
71. Фиджи
72. Филиппины
73. Финляндия
74. Франция
75. Югославия

76. Жапония

КІРІСПЕ

Келісуші Мемлекеттер,

Өркениеттердің пайдаланып отырған идеялары мен білімдерін еркін алмасу, өзін-өзі білдірудің түрлі формаларын жалпы ең көп көлемде тарату интеллекттік дамуға қандай қажет болса, халықаралық өзара түсіністікке демек, бүкіл дүниежүзінде бейбітшілікті сақтауға сондай өмірлік маңызы бар дей келе:

Мұндай алмасулар бәрінен бұрын білім, ғылым және мәдениетке қатысты кітаптар, басылымдар және материалдар арқылы өтетінін ескере келіп;

Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Жарғысы халықтар арасындағы барлық ой қызметі салаларында, оның ішінде "көркемдік және ғылыми мүдде көздейтін басылымдар және басқа да ақпараттық материалдар ынтымақтастыққа үндейді, әрі қарай ұйым "халықтардың бір бірімен өзара жақынырақ танысуына және өзара білісуіне көмектесетін, және осы мақсатта идеяның барлық бұқаралық ақпарат құралдары, сөз және бейнелеу жолдары арқылы еркін таралуына ықпал етуге қажетті бола алатын халықаралық келісімдер жасауды ұсынады" дей келіп;

Мұндай мақсатқа жетуге білім, ғылым және мәдениетке қатысты кітаптар, басылымдар мен материалдарды еркін таратуға көмектесетін халықаралық келісімдер тиімді ықпал ететінін мойындайды, және

Сондықтан мына төмендегі қағидалармен келіседі:

I бап

1. Келісуші Мемлекеттер әкелгенде немесе әкелуге байланысты баж салығын және басқа да алымдарды алмауға міндеттенеді:

а/ Осы Келісімнің А қосымшасында көрсетілген кітаптар, басылымдар және құжаттардан;

в/ Осы Келісімнің В, С, D және E Қосымшаларында көрсетілген және осы қосымшаларда белгіленген шарттарды орындаған жағдайда, екінші Келісуші Мемлекеттің мүлкі болып табылатын білімге, ғылымға және мәдениетке қатысты материалдардан.

2. Осы баптың 1 пунктінің қағидалары кез келген Келісуші Мемлекеттерге әкелінетін материалдарға:

а/ Әкелінген кезде немесе одан кейін салынатын, ұқсас отандық мүліктерден тура немесе жанама алынатын салықтар мен алымдардан аспайтын кез келген ішкі салықтарға немесе басқа да ішкі алымдарға;

в/ Әкелінген уақытта немесе соған байланысты көрсетілген қызмет құнымен шектелген және отандық мүлікті жанама қорғайтын емес, пайда алу мақсатында импорттық салық емес үкімет алатын кеден бажынан басқа салықтар мен алымдарға кедергі жасамайды.

II бап

1. Келісуші Мемлекеттер мына заттарды әкелу үшін қажет лицензияны және/немесе шетел валютасын беруге міндеттенеді:

а/ Көпшілік кітапханалары мен коллекторларға және қоғамдық мекемелердің, сондай-ақ білім немесе мәдениет мәселелерімен айналысатын мекемелердің кітапханалары мен коллекторлары үшін арналған кітаптар мен басылымдарға;

в/ Ресми үкіметтік басылымдарға, яғни олар шыққан елде басылған ресми, үкіметтік және әкімшілік құжаттарға;

с/ Біріккен Ұлттар Ұйымының және оның кез келген мамандандырылған мекемесінің кітаптары мен басылымдарына;

d/ Біріккен Ұлттар Ұйымы білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша алған және ол ақысыз өзі немесе өз бақылауында тарататын кітаптар мен басылымдарға;

е/ Әкелінетін елден тыс жерлердегі туризмді дамытуға арналған ақысыз жіберілетін және таратылатын басылымдарға;

f/ Соқырларға арналған;

I/ дөңес қаріппен соқырларға арналып шыққан барлық кітаптар, басылымдар және құжаттарға;

II/ Соқырларға қамқорлықпен айналысатын мекемелер мен ұйымдар тікелей әкелетін, әкелінетін елдің құзырлы өкіметтері салықсыз енгізуге бекіткен, соқырлардың білім, ғылыми және мәдени дамуына арнайы арналған басқа да заттарға.

III бап

1. Келісуші Мемлекеттер білімге, ғылымға және мәдениетке қатысты, тек қана көпшілік көрмеде көрсету үшін әкелінетін, әкелінетін елдің құзырлы өкіметтері бекіткен, соңынан қайта әкетілетін материалдарға барлық мүмкін болатын жеңілдіктер беруге міндеттенеді. Бұл жеңілдіктер көрсетілген қызмет құнына жақын сәйкесетін қажетті лицензияларды және кеден бажынан, ішкі салықтар мен алымдардан босатуды қ а м т и д ы .

2. Осы баптың ешбір қағидасы әкелінген елдің үкіметтеріне көрсетілген материалдарды көрме жабылғаннан кейін қайта алып шығуды қамтамасыз етуге қажет болатын шараларды қолдануына кедергі жасамайды.

IV бап

Келісуші Мемлекеттер мүмкіндігіне қарай міндеттенеді:

а/ Білімге, ғылымға және мәдениетке қатысты материалдарды еркін таратуға, және осы Келісімде көрсетілмеген еркін таратуға қойылатын шектеулерді алып тастауға немесе қысқартуға жан-жақты біріккен күш жұмсай беруге;

в/ Білімге, ғылымға және мәдениетке қатысты материалдарды әкелудің әкімшілік іс ж о с ы ғ ы н о ң а й л а т у ғ а ;

с/ Білімге, ғылымға және мәдениетке байланысты материалдардың кеденнен кідіріссіз аман-сау өтуіне көмектесуге.

V бап

Осы Келісімнің ешбір қағидасы Келісуші Мемлекеттердің өз заңдарына сәйкес ұлттық қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне немесе қоғамдық ар-ожданға тікелей қатысты деген негізде заттарды әкелуге тыйым салу немесе шектеу, немесе әкелгеннен кейін тарату шараларын қолдану құқығын қозғамайды.

VI бап

Осы Келісім кез келген Келісуші Мемлекеттердің заңдары мен кесімді актілерін немесе оның авторлық құқыққа, сауда маркасы мен патентіне қатысты кез келген халықаралық шарттарын, конвенцияларын, келісімдерін немесе мәлімдемелерін өзгертпейді және қозғамайды.

VII бап

Келісуші Мемлекеттер таластарды реттеу мақсатында қосылғысы келетін бұдан бұрынғы кез келген конвенциялардың қағидаларын есепке ала отырып, Келісуші Мемлекеттер осы Келісімнің түсінігіне немесе қолданылуына қатысты кез келген таласты реттеу мақсатында келіссөздер немесе мәмлеге келу жосығын жасауға міндеттенеді.

VIII бап

Келісуші Мемлекеттер арасында әкелінетін материалдардың ағартушылық, ғылыми немесе мәдени сипаты жөнінде талас туа қалса, мүдделі жақтар өзара келісіп, ақыл-кеңес алу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Бас директорына жүгіне алады.

IX бап

1. Ағылшын және француз тілдеріндегі мәтіннің түпнұсқасы бірдей осы Келісім бүгінгі күнмен белгіленген және білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше барлық мемлекеттер, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше барлық мемлекеттер және білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша Біріккен Ұлттар ұйымы Атқарушы кеңесінің шақыруы жіберілуі мүмкін мүше емес кез келген мемлекет қол қоюы үшін ашық.

2. Келісім олардың конституциялық жосығына сәйкес оған қол қойған мемлекеттердің атынан қабыл алынады.

3. Қабыл алу грамоталары сақтау үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына тапсырылады.

X бап

IX баптың 1 пунктінде көрсетілген мемлекеттер осы Келісімге 1950 жылдың 22 қарашасынан бастап қосыла алады. Қосылу рәсімі ресми актіні Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырған кезден күшіне енеді.

XI бап

Осы Келісім 10 мемлекеттің бекіткендігі немесе қосылғандығы туралы актілерін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы алған күні күшіне енеді.

XII бап

1. Мемлекеттер - осы Келісімнің жақтары оның күшіне енген күні әрқайсысы осы күннен бастап алты ай ішінде оны толық және тиімді пайдалану үшін мүмкін болған шаралардың бәрін қолданады.

2. Келісімнің күші енгеннен кейін өздерінің бекітетіні немесе қосылатындығы туралы актілерін сақтауға тапсыра алатын мемлекеттер бұл шараларды актіні тапсырғаннан кейін үш ай ішінде қабылдайды.

3. Осы баптың 1 және 2 пункттерінде көрсетілген мерзімнен кейінгі бір ай ішінде Келісуші Мемлекеттер - осы Келісімнің жақтары білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымына Келісімді толық және тиімді пайдалану үшін қолданған шаралары туралы баяндама тапсырады.

4. Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы бұл баяндаманы осы Келісімге қол қойылған барлық мемлекеттерге және халықаралық сауда ұйымына / алдын ала оның Уақытша комиссиясына/ жібереді.

XIII бап

Кез келген Келісуші Мемлекет бекіту немесе қосылу туралы өз актісін сақтауға беру кезінде немесе бұдан кейін кез келген уақытта Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жолдаған нота арқылы осы Келісім сыртқы қатынастарын жүргізуді Келісуші Мемлекет жауапкершілігінде алған барлық немесе ішінара аумаққа таралатындығы туралы хабарлай алады.

XIV бап

1. Осы Келісім күшіне енгеннен кейін екі жыл өткесін кез келген Келісуші Мемлекет өз атынан немесе сыртқы қатынастарын жүргізуді осы Келісуші Мемлекет жауапкершілігіне алған кез келген аумақ атынан Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жазбаша мәлімдеу арқылы осы Келісімнің қимылын тоқтата алады.

2. Қимылын тоқтату ол туралы актіні алғаннан кейін бір жылдан соң күшіне енеді.

XV бап

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы IX баптың 1 пунктінде көрсетілген мемлекеттерді, сондай-ақ білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымын және Халықаралық сауда ұйымын /алдынала Уақытша комиссиясын/ IX және X баптарда белгіленген барлық бекіту және қосылу туралы актілерді, сондай-ақ XIII және XIV баптарда белгіленген нота және күшін жою үрдістері туралы хабарландырады.

XVI бап

Келісуші Мемлекеттердің - осы Келісім жақтарының үштен бірінің өтініші бойынша білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас директоры осы Ұйымның кезекті Бас конференциясының күн тәртібіне осы Келісімді қайта қарау жөнінде конференция шақыру туралы мәселе енгізеді.

XVII бап

A, B, C, D, E Қосымшалары, сондай-ақ осы Келісімге қоса тіркелетін Хаттама осы Келісімнің бөлінбес бөлігі болып табылады.

XVIII бап

1. Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102 бабына сәйкес осы Келісімді күшіне енген күні Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы тіркеуден өткізеді.

2. Осыларды растау үшін тиісті дәрежеде өкілеттілік берілген төмендегілер өз үкіметтері атынан осы Келісімге қол қойды.

Нью-Йорк, Лейк-Саксесте бір мың тоғыз жүз елуінші жылы жиырма екінші қарашада түпнұсқасы Біріккен Ұлттар Ұйымының архивінде сақталатын бір дана болып жасалды, ал оның расталған нақты көшірмесі IX баптың 1 пунктінде көрсетілген барлық мемлекеттерге, сондай-ақ білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымына және Халықаралық сауда ұйымына /алдын-ала оның Уақытша комиссиясына/ жіберіледі.

ҚОСЫМШАЛАР

A

қ о с ы м ш а с ы

Кітаптар, басылымдар және құжаттар

I. Баспадан шыққан кітаптар.

II. Газеттер мен мерзімді басылымдар.

III. Баспалық әдіспен басылмай көбейтілген кітаптар мен құжаттар.

IV. Ресми үкіметтік басылымдар, яғни шыққан елінде басылған ресми, парламенттік және әкімшілік құжаттар.

V. Туризм жөніндегі плакаттар мен әдебиеттер /брошюралар, анықтамалар, кестелер, буклеттер және осы сияқты басылымдар/, суретті және суретсіз, бұларға әкелінетін елден тыс жерлерде туризмді ынталандыруды мақсат тұтқан жеке коммерциялық мекемелер бастырғандар да жатады.

VI. Әкелінетін елден тыс жерлерде білім алу ісін ынталандыруды мақсат тұтқан б а с ы л ы м д а р .

VII. Машинкаға басылғандарын қоса қолжазбалар.

VIII. Әкелінетін елден тыс жерде фирмалары орналасқан баспагерлер немесе кітап сатушылар ұсынған кітаптардың каталогі мен басылымдар.

IX. Біріккен Ұлттар Ұйымы немесе оның атынан немесе оның кез келген мамандандырылған мекемесі шығарған оқу-ағарту, ғылыми немесе мәдени сипаттағы фильмдердің, дыбыс жазбаларының немесе басқа аудиовизуальдық материалдардың к а т а л о г і .

X. Қолжазба немесе баспа түрінде немесе басқа әдіспен көбейтілген музыкалық шығармалардың н о т а л а р ы .

XI. Географиялық, гидрографиялық немесе астрономиялық карталар мен сызбалар.

XII. Әкелінетін елдің құзырлы өкіметтері алымсыз әкелуге бекіткен, ғылыми мекемелерде немесе оқу орындарында зерттеуге арналған сәулеттік, өндірістік немесе инженерлік жоспарлар мен сызбалар, сондай-ақ олардың көшірмелері.

А қосымшасында салықтан босатылғандардың қатарына мыналар жатпайды:

а / К е ң с е к е р е к - ж а р а ғ ы ;

в/ Жеке коммерциялық мекемелер немесе олар үшін басқалар негізінен жарнамалық мақсатта шығарған кітаптар, басылымдар және құжаттар /жоғарыда аталған туризм туралы каталог, плакат және әдебиеттен басқа/;

с/ 70% астамын жарнама алатын газеттер мен мерзімді баспасөз;

д/ Жарнама көлемінің 25% астамын алатын барлық басқа заттар /жоғарыда аталған каталогтардан басқа/. Туризм жөніндегі плакаттар мен әдебиетке қатысты бұл проценттік өлшем тек және коммерциялық жарнамалық материалдарға қолданылады.

В қ о с ы м ш а с ы

Оқу-ағарту, ғылыми немесе мәдени сипаттағы өнер туындылары мен коллекциялық заттар

I. Толық қолдан жасалған картиналар мен суреттер, олардың көшірмелері, бірақ өндірістік әдіспен жасалғандар бұған жатпайды.

II. Қолдан ойылған литографиялық тастардан, тақтайлардан немесе басқа материалдан қайта көшіріліп, қолдан таңбаланған және суретші қол қойып, нөмірлеген т а ң б а л а р .

III. Мүсіндеу өнерінің бірегей туындылары немесе мүсіндер, дөңгелек, рельефті немесе инталиялар, бұларға көптеп шығарылған көшірмелер мен коммерциялық сипаттағы дәстүрлі қолөнер туындылары жатпайды.

IV. Көпшілік галереяларға, мұражайларға және басқа да қоғамдық мекемелерге арналып, әкелінетін елдің құзырлы өкіметтері заттардың бұл түрлерін салықсыз әкелуге, бірақ қайта сатуға арналмаған коллекциялық заттар және өнер заттары.

V. Қайта сатуға арналмаған, ғылымның анатомия, зоология, ботаника, минералогия, палеонтология, археология және этнография салаларындағы коллекциялар мен коллекциялық заттар.

VI. Антиквариат, яғни 100 жылдан асқан заттар.

С **қ о с ы м ш а с ы**
Оқу-ағарту, ғылыми немесе мәдени
сипаттағы аудиовизуальдық материалдар

I. Ұйымдар әкелетін, әкелінетін елдің құзырлы өкіметтері ұйымдардың немесе жоғарыда айтылған өкіметтер бекіткен жеке оқу-ағарту, ғылыми немесе мәдени мекемелер немесе қоғамдар тек қана көрсету үшін әкелуге, және заттардың бұл түрлерін салықсыз әкелуге бекіткен оқу-ағарту немесе мәдени сипаттағы фильмдер, диафильмдер, микрофильмдер мен слайдтар /әкелетін елдің радио хабарларын тарату ниетін қоса/.

II. Әкелінетін мерзімде маңызға ие және не сәуле түсірілген, бейне айқындалған негатив түрінде, не қағазға түсіріліп, бейнеленген түрде, егер оны заттардың бұл түрлерін салықсыз әкелуге құзырлы өкіметтер бекіткен ұйымдар /оның ішінде әкелетін елдің радио хабарларын ұйымдастыру ниеті болса/ еркін әкелу құқы әр сюжеттің екі көшірмесімен шектеліп, одан әрі көшіру мақсатында әкелінетін, өтіп жатқан оқиғаларды бейнелейтін кинохроника /дыбысты немесе сақау/.

III. Тек қана қоғамдық немесе жеке оқу-ағарту, ғылыми немесе мәдени мекемелерде немесе қоғамдарда /әкелетін елдің радио хабарларын ұйымдастыру ниетін қоса/ пайдалануға әкелінетін елдің құзырлы өкіметтері заттардың бұл түрлерін салықсыз әкелуге бекіткен оқу-ағарту, ғылыми немесе мәдени сипаттағы дыбыс жазбалары.

IV. Біріккен Ұлттар Ұйымы немесе оның кез келген мамандандырылған мекемесі шығаратын оқу-ағарту, ғылыми немесе мәдени сипаттағы фильмдер, диафильмдер, микрофильмдер және дыбыс жазбалары.

V. Әкелетін елдің құзырлы өкіметтері салықсыз әкелу мақсатында бекіткен қоғамдық немесе жеке оқу-ағарту, ғылыми немесе мәдени мекемелерінде көрсету және сабақ беру мақсатында пайдаланатын үлгілер, нұсқалар және қабырғаға ілетін таблицалар.

Д **қ о с ы м ш а с ы**
Ғылыми аспаптар мен құралдар

Тек қана оқулық мақсатқа немесе таза ғылыми зерттеулерге арналған ғылыми аспаптар мен құралдар мына шарттар орындалса:

/а/ егер мұндай ғылыми аспаптар мен құралдар әкелетін елдің құзырлы өкіметтері салықсыз әкелу мақсатында бекіткен қоғамдық немесе жеке ғылыми мекемелерге

немесе оқу орындарына арналған болса;

/в/ егер осыған тең ғылыми құндылығы бар аспаптар мен құралдар қазіргі кезде әкелетін елде жасалмайтын болса.

Е қ о с ы м ш а с ы

Соқырларға арналған заттар

I. Соқырларға арналған шығынқы қаріптермен басылған кітаптардың, басылымдардың және құжаттардың барлық түрлері.

II. Әкелетін елдің құзырлы өкіметтері заттардың мұндай түрлерін салықсыз әкелу мақсатында бекіткен, соқырларды қамқорлығына алған мекемелер мен ұйымдар тіке әкелетін, соқырлардың оқу-ағарту, ғылыми немесе мәдени дамуына арналған басқа да заттар.

Білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарды әкелу туралы келісімге қосымша тіркелетін хаттама

К е л і с у ш і М е м л е к е т т е р

Білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарды әкелу туралы Келісімге Америка Құрама Штаттарының қатысуына көмектесу мүддесінде төмендегілерге к е л і с т і :

1. Америка Құрама Штаттары IX Бапқа сәйкес осы Келісімді бекіту мен X Бапқа сәйкес оған қосылу арасын төменде көрсетілген ескертпені қоса таңдап алады.

2. Егер Америка Құрама Штаттары алдыңғы 1 пунктте көрсетілгендей осы Келісімге ескертпемен қатысатын болған жағдайда осы ескертпенің қағидаларын Америка Құрама Штаттары Келісуші Мемлекеттердің - осы Келісімге қатысушылардың кез келген біреуіне немесе кез келген Келісуші Мемлекет Америка Құрама Штаттарына, егер мұндай ескертпеге сәйкес қабылданған кез келген шара құқық шектеу негізінде іске асырылмайтын болса, қолдана алады.

(Ескертпенің мәтіні)

(а) Осы Келісімге сәйкес Келісуші Мемлекеттерге жүктелетін міндеттемелердің нәтижесінде осы Келісім қарастырған қандай бір бұйым Келісуші Мемлекеттің аумағына осыған ұқсас немесе тікелей бәсекеге түсетін өнім өндіруші осы аумақтың өз өнеркәсібіне айтарлықтай зиян тигізетіндей немесе сондай қауіп төндіретіндей салыстырмалы үдемелі мөлшерде әкелінетін болса, Келісуші Мемлекет жоғарыдағы 2 пунктте ескертілген шарттарға сәйкес мұндай өнімге қатысты келтіретін зиянын болдырмауға немесе орнын толтыруға қандай ауқымда, қандай уақыт мерзімінде қажет болғанынша айтылған өнімге қатысты осы Келісім жүктейтін міндеттемені толық немесе шектеп тоқтата тұрады.

(в) Жоғарыда келтірілген пункттің (а) қағидаларына сәйкес кез келген Келісуші Мемлекет шара қолданбай тұрып, білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымын жазбаша түрде іс жүзінде мүмкін болғанша ертерек хабарландырады және Ұйым мен Келісуші Мемлекеттерге - осы Келісімге қатысушыларға

қолданылатын шараға қатысты ақылдасуға мүмкіндік береді.

(с) Кешіктіретін болса орнын толтыруы қиын зиян шегуі мүмкін қиын жағдайда жоғарыда айтылған пунктке (а) сәйкес алдын ала ақылдаспай-ақ уақытша шара қолдануға болады, бірақ қажетті пікір алысу мұндай шара қолданғаннан кейін шұғыл өткізілуі тиіс.

Білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарды әкелу

"Флоренция келісімі
мен оның Хаттамасын

қолдануға басшылық

1950 ж. Флоренцияда және

1976 ж. Найробиде ЮНЕСКО-ның

Бас конференциясында қабылдаған

ЮНЕСКО

КІРІСПЕ

Бұл кітапшаның мақсаты - білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарды әкелу туралы Келісімнің - 1950 ж. "Флоренция келісімі" және оның 1976 ж. Хаттамасы дейтіндердің мазмұнын ашу.

Кітапшада осы екі өзара байланысты құжаттардың пәрмені туралы қарапайым, нақты пайдалы ақпарат беруге ұмтылу қарастырылады. Ол мүдделі ұйымдар мен жеке адамдарға олардың механизмдерімен танысып, оның қағидаларынан барынша мол пайда алуға көмектесуі қажет.

Кітапшаның бұл басылымы 1969 ж. жарық көрген және тек қана Келісімге қатысты болған басылымның қайта қаралған және толықтырылған нұсқасы болып табылады.

Екі құжаттың мәтіндері кітапшаның соңында берілген. Келісуші Мемлекеттердің тізімі кітапшаның ішіне салынған жеке бетте.

I. Білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарды әкелу туралы Келісім.

Білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарды әкелу туралы Келісімнің Хаттамасы

Келісімнің және оның Хаттамасының мақсаты

Келісім мен оның Хаттамасының негізгі мақсаты - олардың аты көрсетіп тұрғандай - білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарды әкелуді оңайлату. Соның нәтижесінде бұл материалдардың әлемде айналуына кедергі болатын кейбір тарифтік, салықтық, валюталық және сауда кедергілерді ішінара жойылады, өйткені олар ұйымдар мен жеке адамдарға оларды шетелден болмашы қиындықтармен және аздаған шығындармен алуға мүмкіндік береді.

Хаттама бірқатар материалдарға жаңа жеңілдіктер беріп, ұсынылған жеңілдіктерді қосымша объектілерге таратады.

Келісім мен хаттаманы білім, ғылым және мәдениет жөніндегі БҰҰ ұсынады. Ол ЮНЕСКО Жарғысында белгіленген және "көркемдік, ғылыми мүдделілікті білдіретін заттармен, басылымдармен, басқа да ақпараттық материалдармен алмасуды ынталандыру", сондай-ақ "идеялардың еркін тарауына" көмектесетін халықаралық келісімдер жасауды ұсыну деп анықталған ЮНЕСКО-ның негізгі мақсаттарының біріне сәйкес Келісім жасаудың ұйтқысы болды.

Келісім негізделген осы үрдістерді қуаттай отырып, Хаттама 1950 ж. кейін көптеген дамушы елдер ұлттық дербестік алғандығын және оларға білім алудың, ғылым мен техниканы меңгерудің, мәдениетке жетудің анағұрлым жеңіл де арзан жолын қамтамасыз ету мақсатымен олардың мұң-мұқтаждарын еске алу қажеттігін көрсетеді.

Тарихи очерк

1948 жылы Бейрутта өткен ЮНЕСКО-ның үшінші сессиясында бір мезгілде ЮНЕСКО-ның бірінші "Бейрут Келісімі"* деген атпен белгілі халықаралық конвенциясын қабылдаумен бірге Бас конференция - Ұйымның жоғарғы органы - идея тарату жолында тұрған экономикалық сипаттағы үдей түскен кедергілерді алу мақсатында кең көлемді келісімге қол жеткізуге қаулы етті. Ертеректе, 1933 ж. Ұлттар Лигасы қабылдаған оқу-ағарту сипатындағы фильмдерді әлемде таратуға көмектесу туралы Конвенцияны ауыстыруға арналған Бейрут келісімі аудиовизуальдық материалдарды таратуға көмектесумен шектелді. Ауқымы жағынан алғанда ұсынылған жаңа келісім әлдеқайда кең еді. Ол білім, ғылым және мәдениетке көмектесуді мақсат тұтса да, шын мәнінде ол тарифтер мен сауда туралы келісім еді.

Ескерту: Қапа. A Guide to the Operation of the Agreement for Facilitating the International Circulation of Visual and Auditory Materials of an Educational, Scientific and Cultural Character, "Beirut Agreement", Unesco, 1954, 2nd., 1969.

/Оқу-ағарту, ғылыми және мәдени сипаттағы аудиовизуальдық материалдардың дүние жүзінде айналуына көмектесу туралы Келісімді қолдануға басшылық, "Бейрут келісімі", ЮНЕСКО, 1954 ж., екінші басылымы, 1969 ж./

Осының нәтижесінде ЮНЕСКО-ның секретариаты дайындаған бірінші жоба тариф пен сауда жөніндегі Бас келісімнің /ГАТТ/ келісуші жақтарының жиналысына берілді, ол қайта қаралған мәтінді құптап, техникалық дұрыс, жалпыға бірдей қабылдауға лайық деп тапты. Келесі қадам 1950 ж. сарапшылар мәжілісін шақыру болды. Оған жиырма бес мемлекеттің өкілдері - ЮНЕСКО мүшелері қатысты. Үкіметтерден алған түсініктемелер ауқымында жаңа жоба дайындалды. Білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарды әкелу келісімі болған бұл мәтін Бас конференцияға ұсынылып, 1950 ж. шілдеде Флоренцияда өткен бесінші сессияда бірауыздан мақұлданды.

1950 ж. 22 қарашада Нью-Йоркте Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық мекемелерінде Келісім қол қою үшін ашылды. Ол 1952 ж. 21 мамырда, оны он мемлекет бекіткеннен немесе қабылдағаннан кейін күшіне енді.

Одан кейінгі кезеңде жаңа материалдардың пайда болуымен ғана емес,

коммуникацияның жаңа түрлері мен әдістері пайда болуымен ерекшеленген ғылыми-техникалық прогресс білім беру құралдарында нағыз төңкеріс жасады. Ал техниканың өзгеруімен бірге сауда ережесі де өзгеріп отырды. Келісім жасалған кезде білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарды тарату жолында экономикалық сипаттағы бөгеттердің тұтас бір шырғалаңы тұрды. Кеденнің жоғары салығы, әкелуге лицензия беру жүйесі, тыйым салулар мен валюталық шектемелер кең қолданылады. Одан әрі сауданы бейтараптандыру тарифтік және басқа да кедергілерді анағұрлым азайтуға әкелді. Осындай жаңа жағдай Келісімді, оның таралу ауқымын кеңіту мақсатында қайта қарауға мәжбүр ете алмай тұра алмады. Оның үстіне, осының нәтижесінде қаржы түсімі азаятындығы онша көріне қоймас делінді. Өйткені білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарға салынатын салық әдетте төмен болатын. Міне, сол себепті, ақыр соңында әлеуметтік прогресс пен халықаралық өзара түсіністікке деген мүмкіндіктердің ұлғая түскенін ескеріп, аталған материалдардың әлемде таралуына бөгет болып отырған кедергілерді жою үшін тағы бір қадам ілгері басу дұрыс болар еді делінді.

Сондықтан ЮНЕСКО Женевада Келісімнің қолданылуын қарастыру және оған жаңа елдердің қосылуын ынталандыру үшін үкімет сарапшыларының екі мәжілісін шақырды - біріншісі 1957 ж. қазанда, екіншісі 1967 ж. қарашада, 1957 ж. мәжіліске елу екі мемлекет қатысса, 1967 ж. мәжіліске алпыс алты мемлекет өз өкілдерін жіберді. Сондай-ақ үкіметаралық ұйымдардан бақылаушылар қатысқан Келісімнің қолданылуын қарастыру туралы екі мәжіліс те жан жақты және пайдалы пікір алысуға әкелді.

Келісім қолданылып жүрген мемлекеттердің сарапшылары өздерінің елдерінде Келісім қалай қолданылып жүргендерін сипаттап, салыстырулар жасады. Келісімді қолданбай жүрген мемлекеттердің өкілдері оған қосылуға кедергі болып отырған мәселелерге қатысты көздерін ашты. Үкіметтік емес ұйымдар Келісімді қолданушылар ретіндегі өз ескертпелерін білдірді. Мәжілістерге Келісім бұрын қолданылып келгеніндей бұдан былай да пайдаланыла беруіне болады, сонымен бірге білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдардың айналымы жолында кедендік салықтармен, басқа да экономикалық сипаттағы шектеулермен қойылатын кедергілерді болдырмаудың тиімді құралы да бола алады деген қорытындыға келді. Келісім ЮНЕСКО-ның жалпы мақсаттарына сәйкес ең бастысы әлеуметтік және мәдени прогресске көмектесу мақсатын көздеген еді және бұған ЮНЕСКО-ның 1966 ж. Бас конференциясында қабылданған халықаралық мәдени ынтымақтастық Декларациясы да қосылды.

Сарапшылардың тағы бір жалпы қорытындысы - 1950 ж. Келісімді қабылдағаннан кейін болған және олар қамтитын материалдардың барлық категорияларына дерлік ықпалын тигізген орасан зор техникалық прогресске қатысты болды. Бұл өндірістің орасан зор өсуіне және осыған байланысты сауданың ұлғаюына әкеп соқты. Ол ол ма,

білім, ғылым және мәдениет салаларындағы айтарлықтай өзгерістер материалдарды қолданудың жаңа салаларын тудырды. Екі мәжілісте де Келісімнің қағидаларын ең либералды түсіндіру мен қолдану пайдасына ұсыныстар жасалды.

Алайда бұл ұсыныстар тек шектеулі әсерге ие болады. Сол себепті де 1973 ж. үкімет сарапшыларының үшінші сессиясы бұрынғысындай тек қана Келісімнің қолданылуын қарастыру үшін емес, сонымен бірге оны материалдардың жаңа категорияларына, әсіресе жиырма бес жыл бұрын қабылданған келісімнен кейін техникалық прогресстің нәтижесінде пайда болғандарына тарату мүмкіндігін қарастыру үшін шақырылды. Бұл жолы да Женевада өткен мәжіліс 1973 ж. қараша-желтоқсан айларында болды. Оған алпыс төрт мемлекеттің сарапшылары мен халықаралық үкімет және үкіметтік емес ұйымдарының бақылаушылары қатысты. Бұл мәжіліс Келісімге қосымша жеңілдіктерді қамтамасыз ететін бір немесе бірнеше хаттамалар дайындауды ұсынды.

Бас конференция бұл ұсынысты бекітті және техникалық және заңгерлер сарапшыларының арнайы үкіметаралық комитетін құруға рұқсат берді, оған ЮНЕСКО секретариаты дайындаған Хаттаманың бірінші жобасын тапсырды. Комитет ЮНЕСКО-ның Париждегі штаб-пәтерінде 1976 ж. наурызда отырысын өткізді. Оған алпыс төрт мемлекеттің өкілдері және халықаралық, негізінен үкіметаралық, ұйымдардан көптеген бақылаушылар қатысты. Үкіметтерден алынған ескертпелердің аясында арнайы комитет Хаттаманың жаңа жобасын дайындады. Бұл мәтін 1976 ж. қарашада Найробиде Бас конференцияның он тоғызыншы сессиясында қабылданды. Білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарды әкелу туралы Келісімнің қабылданған жаңа Хаттамасы 1977 ж. 1 наурызда БҰҰ Нью-Йорктегі Орталық мекемелерінде қол қоюға ашылды. Ол БҰҰ Бас хатшысы оны бекіту, қабылдау немесе оған қосылу туралы бесінші актіні сақтауға қабылдап алған күннен алты айдан соң күшіне енеді.

Женева мәжілісі мен арнайы комитеттің қорытындылары Келісім мен Хаттама міндеттерін түсіндіру мен ұғындырудың негізіне алынды.

Келісім мен Хаттаманың арасындағы байланыс

Хаттама - негізгі Келісіммен тығыз байланысқан құжат екенін атап көрсету маңызды. Оның үстіне Хаттама тек келісімге қатысушы мемлекеттер үшін ғана ашық. Бұдан Хаттамаға қатысты болу үшін мемлекет алдымен Келісімге қосылуы қажет деген ұғым туады. Алайда мемлекеттер тек қана келісімге қатысушы болып қала беруі мүмкін, бұл Келісімге қатысушы, бірақ Хаттамаға қосылмаған келісуші жақтар үшін Келісімнен туатын құқықтар мен міндеттерді өзгертпейді және азайтпайды.

Келісуші жақтарға келсек, хаттамада, егер оларға енетін барлық мүше мемлекеттер сондай-ақ Хаттаманың да жақтары болып табылса, онда ол кедендік немесе

экономикалық одақтар үшін ашық. Мұндай жағдайда Хаттама мен Келісім осы одақтарға енетін мүше мемлекеттердің тұтас аумақтарына қолданылады, әр мемлекеттің жеке алғандағы аумақтарында қолданылмайды.

Құжаттарда ұсынылған негізгі жеңілдіктер

Келісім мен хаттамада олар қамтитын материалдарды әкелгенде айтарлықтай жеңілдіктер қарастырылған. Олардың басты сипаты - кедендік салықтардан босату.

Келісімнің келісуші жақтары Келісімнің бес қосымшасында көрсетілген көптеген материалдардың кез келгеніне кедендік салық салмауға міндеттенеді. Олар мына тақырыптарда көрсетілген: Кітаптар, басылымдар, құжаттар /А қосымшасы/; оқу-ағарту, ғылыми және мәдени сипаттағы өнер туындылары мен коллекциялық заттар /В қосымшасы/; Оқу-ағарту, ғылыми және мәдени сипаттағы аудиовизуальдық материалдар /С қосымшасы/; Ғылыми аспаптар мен құралдар /D қосымшасы/; Соқырларға арналған заттар /Е қосымшасы/.

Хаттама кеден салығынан босатуды тоғыз қосымшада көрсетілген материалдарға қосымша таратады. Бұл қосымшалардың тізімі Келісім қосымшаларының тізімін мына толықтырулармен және өзгертулермен қайта тізеді; Аудиовизуальдық материалдар /С.1 қосымшасы/; Оқу-ағарту, ғылыми және мәдени сипаттағы аудиовизуальдық материалдар; /С.2 қосымшасы/; Соқырларға және дене мүшесі немесе ақыл-есі кеміс адамдарға арналған заттар /Е қосымшасы/; Спорттық құрал-жабдықтар /F қосымшасы/; музыка аспаптары және музыкалық басқа құрал-жабдықтар /G қосымшасы/; Кітап, басылым және құжаттар өндірісіне арналған материалдар мен машиналар /H қосымшасы/; Хаттаманың қосымшалары хақында мынаны ескерте кеткен жөн: Хаттамаға қосылар кезде мемлекеттер С.1 қосымшасынан, F қосымшасынан, G қосымшасынан, H қосымшасынан немесе осы қосымшалардың кез келген бірінен туындайтын міндеттемелерге өзін тәуелді деп санамайтындықтарын мәлімдеуіне болады. Бұл - Хаттаманың негізгі ерекшеліктерінің бірі, ол Келісімнен гөрі әлдеқайда либералды және қамту жағынан көлемді бола тұрып, мемлекеттерге олар қолданғысы келген шарттарды таңдап алуына мүмкіндік береді. Қолданбайтындықтары туралы мәлімдемені мемлекеттер Хаттаманың басқа екі шартына /II бөлім және IV бөлім/ қатысты да жасай алады. Бұл төменде көрсетілген.

Кеден салығынан босату туралы шартқа қосымша Келісім де, Хаттама да кейбір материалдарды әкелуге лицензия және/немесе шетел валютасын беруді қарастырады. Келісім бойынша бұл жеңілдік сөзсіз заттардың шектелген санына және мүмкін болғанынша басқалардың көп санына беріледі. Хаттама бойынша мұндай жеңілдікті сөзсіз беру қосымша басқа материалдарға таралады, бірақ бұл жоғарыда келтірілген екі шарттың бірі - мемлекеттер хаттамаға қосылар кезде оларға қатысты қабылдау, қабылдамау туралы мәлімдей алады.

Осындай мәлімдеменің екінші және соңғы шарты ішкі салықтар салмауға қатысты. Бұл жеңілдіктер Келісімде көзделмеген, Хаттамада ғана бар және заттардың шектеулі санына ғана қатысты қолданылады.

Кеден салығынан босату

Келісімнің Келісуші Мемлекеттері Келісімнің барлық қосымшаларында көрсетілген материалдардың кез келгеніне, егер ондай материалдар екінші бір Келісуші Мемлекеттің өнімі болса, кеден салығын салмауға міндеттенеді. Бұл екі жаққа бірдейлік міндет қатаң орындалмайды, өйткені келісуші Мемлекеттердің көпшілігі Келісімде қарастырылған жеңілдіктерді іс жүзінде шыққан немесе әкелген еліне қарамастан барлық көрсетілген заттарға қолданады. Женева мәжілістерінде мұндай іске Келісімді қолданатын басқа мемлекеттер оның жеңілдіктерін кеңірек тарату құралы ретінде қосылар деген үміт білдірілді.

Хаттама бойынша оның барлық қосымшаларында, С.1, F және H қосымшаларынан басқа, жоғарыда айтылғандай олар қолданбайтындықтары туралы мәлімдеменің негізі болатындықтан, қарастырылған материалдарға кеден салығынан босату ережесі таратылады. Хаттама екі жаққа бірдейлік міндетті сақтайды, алайда Женева мәжілістерінің артықшылықтарды тек басқа келісуші мемлекеттердің өнімімен шектемеу туралы ұсынысын орындайды деп сенуге болады.

Келісімге сәйкес әкелген кезде кеден салығынан басқа алымдар алынбайды және бұл жеңілдік Хаттама қамтитын материалдарға қатысты. Алайда не ана, не мына акт келісуші мемлекеттерге әкелінетін материалдардан төмендегідей алымдар алуға бөгет бола алмайды: /а/ мәселен, сату салығы сияқты алым осыған ұқсас отандық өнімнен алынатын алымнан асырылмауы тиіс; /в/ жүкті түсіру-тиеуге төленетін ақы сияқты алымдар көрсетілген қызмет құнынан аспауы тиіс. Хаттамада бұл ережеден ауытқу қарастырылған, оған кейінірек тоқталамыз.

Шетел валютасы мен лицензияға қатысты Ережелер

Келісімде қамтылған материалдарды кеден салығынан және кейбір басқа алымдардан босатудан басқа, келісуші мемлекеттер ешқандай ескертпесіз мына заттарды әкелу үшін лицензия және/немесе шетел валютасын беруге міндеттенеді:

/а/ Жалпыға бірдей кітапханалар мен коллекторлар, білімге, ғылыми зерттеуге және мәдениетке байланысты қоғамдық мекемелердің кітапханалары мен коллекторлары үшін кітаптар мен басылымдар;

/в/ Ресми үкімет басылымдары;

/с/ БҰҰ және оның кез келген мамандандырылған мекемесінің кітаптары мен басылымдары;

/d/ ЮНЕСКО алған және ол өзі немесе бақылауымен тегін тарататын кітаптар мен басылымдар;

/е/ әкелінетін елден тыс жерлерде туризмді дамытуға арналған, тегін жіберіліп, таратылатын басылымдар;

/f/ Соқырларға арналған дөңес қаріптермен басылған кітаптар, басылымдар және құжаттардың барлық түрлері және соқырлардың білімін, ғылымын және мәдениетін дамытуға арнайы арналған басқа да заттар.

Лицензия сондай-ақ рұқсат етілген көпшілік көрмеде көрсетуге, соңынан қайта әкетуге жататын материалдарды әкелуге де берілуге тиісті.

Келісімде келісуші мемлекеттер мүмкін болғанынша білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдардың басқа категорияларын әкелуге де лицензия және шетел валютасын береді деп қарастырылған. Келісімнің қолданылуын талқылаған мәжіліс көптеген елдердегі төлем балансының нашар жағдайы үкіметтердің бұл бағытта алысты меңзейтін қандай бір міндеттеме алуын мүмкін болдырмай отырғанын атап өтіп, мұндай материалдарды және әсіресе кітаптарды әкелуге лицензия мен шетел валютасын беруі Келісімнің рухына сай келетіндігін қуаттады. Көптеген елдер іс жүзінде өз шектеулерін азайтып, Келісімде қамтылған материалдарды алуға шетел валютасын бөлуге басым артықшылықтар бере бастады.

Хаттама мына кітаптар мен аудиовидео материалдарға лицензия және/немесе шетел валютасы сөзсіз берілуін қарастырады /бұл қағиданы осындай міндеттемелермен өзін байланысты деп санағысы келмейтін мемлекеттер қаперлеріне алмауы мүмкін деген м а ғ ы н а д а / :

/a/ Қоғам мүддесіне қызмет ететін кітапханаларға мыналарды қоса арналған кітаптар мен басылымдар ;

/I/ ұлттық кітапханалар және ірі ғылыми-зерттеу кітапханалары;

/II/ университеттердің, колледждердің, институттардың кітапханаларын қоса жалпы және мамандандырылған ғылыми кітапханалар және университеттерден тыс орналасқан университет кітапханалары;

/III/ көпшілік кітапханалар ;

/IV/ мектеп кітапханалары ;

/V/ мүдделері ерекше және анық көрінген қандай бір қоғамдастық құрған оқушылар тобына қызмет ететін арнайы кітапханалар, мысалы, үкімет кітапханалары, өкімет органдарының кітапханалары, өндірістік кітапханалар және кәсіби ұйымдардың кітапханалары ;

/VI/ ақыл-есі және дене мүшесі кеміс адамдарға арналған және еркін жүре алмайтын оқушыларға арналған кітапханалар, мысалы, соқырларға арналған кітапханалар, аурухана кітапханалары және түрме кітапханалары;

/VII/ музыкалық кітапханалар, фонотекаларды қоса;

/в/ Жоғары оқу орындары үшін оқулық ретінде қабылданған немесе ұсынылған және осы орындар әкелетін кітаптар;

/с/ Шетел тілдеріндегі кітаптар, негізгі жергілікті тілдегі немесе әкелетін елдің тіліндегі кітаптардан басқа ;

/d/ Әкелінетін елдің құзырлы өкіметтері мұндай заттарды салықсыз әкелу

мақсатында бекіткен ұйымдар әкелетін оқу-ағарты, ғылыми және мәдени сипаттағы фильмдер, слайдтар, видеотаспалар мен дыбыс жазбалары.

Хаттамада келтірілген бұл тізім жөнінде бәрінен бұрын мынаны айту керек - тізімнің /а/ пунктінде қолданылған "қоғам мүдделеріне қызмет ететін кітапханалар" деген сөз келісімде келтірілген осының алдындағы тізімнің /а/ пунктінде қолданылған "білім беру, ғылыми зерттеу және мәдениетпен байланысты қоғамдық ұйымдардың кітапханалары" деген тар ұғымнан әлдеқайда кең мағынаны білдіреді. "Көпшілік кітапхана" деген ұғым тар ұғымда қолданылуы мүмкін екендігін ескере келіп, бұл ауыстыру Хаттаманың қолдану аясын кеңітеді, лицензия және/немесе шетел валютасын алу құқығы бар кітапханалар түрін көбейтеді. Ол мұндай кітапханаларды анықтаудағы қиындықтарды жояды, өйткені, мысалмен түсіндіру ретінде "қоғам мүддесіне қызмет ету" жаңа талабына жауап беретін кітапханалардың тізімін ұсынады.

Бұдан әрі қарай Хаттама кітапханаларға арналған кітаптардан тыс Келісім қамтитын материалдарға кітаптың жаңа екі категориясын қосады: жоғары оқу орындары үшін оқу құралы ретінде қабылдануы немесе ұсынылуы мүмкін кітаптар және әкелуші елдің негізгі жергілікті тіліндегі кітаптардан басқа әкелінетін шетел тілдеріндегі кітаптар. Хаттамада қарастырылған тізімнің қолданылуын кітаптардың осы категорияларына тарату әсіресе кейбір әкелуші елдерде жоқ болуы мүмкін, бірақ даму үшін маңызды ең үздік ғылыми, техникалық және кәсіптік кітаптарды әкелуді оңайлатуға бағытталған.

Сайып келгенде, Хаттама шетел валютасы мен лицензия жөніндегі жеңілдіктерді кейбір аудиовидео материалдарға таратады, бірақ екі шарт қояды: олар ағарту, ғылыми және мәдени сипатта болуы керек және олар әкелінетін елдің құзырлы өкіметтері алдын ала құптаған мекемелер үшін арналған болуы қажет. Бұл жеңілдік аудиовизуальдық материалдардың білім тарату ісінде анағұрлым артықшылыққа ие және білім беру құралы ретінде өсе түскен рөл ойнайтын түрлерімен шектелген.

Ішкі салықтар

Ішкі салықтарды тоқтату Келісімнің бірде бір ережелерінде көрінбейді. Керісінше біз кеден салығынан босату кез келген келісуші мемлекетке әкелінетін материалдарды сатудан алатын т.с.с. ішкі салықтар алуына кедергі болмайды және бұл туралы Келісімнің мәтінінде анық мәлімделген. Женева мәжілісі үстінде ішкі салықтар сондай жергілікті өнімге салынатындығы, демек, неге шетелдің өнімі салықтан босатылуы керектігін түсіну қиын екендігі атап көрсетілді. Алайда мәжілістерде елдер заттардың кейбір түрлеріне, әсіресе кітаптарға, ішкі салық салу құқығынан бас тартуға дайын болуы мүмкін екендігін еске сақтау қажет деген қорытынды жасалды. Сондықтан ішкі салыққа қатысты Келісімді кеңірек қолдану мүмкіндігін қарастыру жөнінде ұсыныс е н г і з і л д і .

Хаттама Келісімнің ішкі салықтар жөніндегі ережелерін қайталайды, бұл - келісуші мемлекеттер осы актілер қамтыған барлық материалдарға сондай салықтар салу құқығын сақтап қалады деген сөз. Сөйте тұра Хаттама оны қабылдауға дайын емес,

сондықтан оның ережелерімен өзін байлағысы келмейтін кез келген мемлекет қабылдамауы мүмкін деген бөлімінде келісуші мемлекеттер мына заттарды әкелген кезде немесе соңынан кез келген ішкі салық немесе ішкі алымның басқа кез келген түрін салмауға міндеттенеді деп қарастырады:

/a/ қоғам мүддесіне қызмет ететін кітапханаларға арналған кітаптар мен басылымдар /кітапханалардың тізімін жоғарыдан кара/;

/b/ Үкіметтің ресми басылымдары;

/c/ БҰҰ немесе оның кез келген мамандандырылған мекемесінің кітаптары мен б а с ы л ы м д а р ы ;

/d/ ЮНЕСКО алдырған және өзі немесе өз бақылауында тегін тарататын кітаптер м е н б а с ы л ы м д а р ;

/e/ Әкелінетін елден тыс жерлердегі туризмді дамыту үшін арналған және тегін жіберіліп, таратылатын басылымдар;

/f/ Соқырларға арналған дөңес қаріпті кітаптар, басылымдар мен құжаттардың барлық түрі және соқырлардың және дене мүшесі немесе ақыл-есі кеміс адамдардың білімін, ғылыми және мәдени дамуына арнайы арналған басқа заттар.

Ішкі салықтар салмау бұл жерде Келісімде шетел валютасын беру үшін тізімделген, заттардың дәл сондай түрлеріне қатысты қолданылады, бұған Келісімнің қоғамның мүддесіне қызмет ететін кітапханаларға арналған кітаптар мен басылымдарға қатысты /a/ пункті мен соқырларға арналған заттарға, дене мүшесі немесе ақыл-есі кеміс басқа адамдарға арналған заттар қосылған /f/ пункті жатпайды.

Басқа шектеулерді жою

И м п о р т ж ө н і н д е г і ш е к т е у л е р

Келісімді жасаған кезде кеден салығын жою және шетел валютасы мен лицензияға бақылауды әлсірету білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдардың әлемдегі айналымы жолындағы барлық кедергілерді алып тастамайтындығы мойындалды. Осыған сәйкес Келісімге арнайы Бап /IV/ қосылды, онда Келісуші Мемлекеттерге мүмкіндігінше міндет жүктелді:

/a/ білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдардың еркін таралуына, сондай-ақ Келісімде ескерілмеген кез келген шектеулерді алып тастауға немесе қысқартуға жан-жақты көмектесу жөнінде өздерінің біріккен күш-қимылдарын ж а л ғ а с т ы р у б е р у г е ;

/b/ білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарды әкелудің әкімшілік ж о с ы ғ ы н о ң а й л а т у ғ а ;

/c/ білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдардың кеденнен тез де сенімді ө т у і н е к ө м е к т е с у г е .

Келісімнің қолданылуын қараған кезде үкімет сарапшылары осы баптың іргелі маңызын атап өтіп, ол ең либералды рухта орындалатын болады деген сенім білдірді. Олардың бұған маңыз бергені сонша, Келісімді қолданушы мемлекеттерден олар осы

бапты орындау үшін қолдана алулары мүмкін шараларды үнемі назарда ұстап, ондай шаралар туралы ЮНЕСКО-ға хабарлап тұруды өтінді.

Хаттаманың ережелері бойынша Келісуші Мемлекеттер жоғарыда айтылған Келісімнің IV Бабының ережелерін Хаттамада қамтылған материалдарды әкелгенде қолдануға міндеттенді. Одан басқа олар қатысты шаралар арқылы дамушы елдерде өндірілетін білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдар мен заттардың еркін ағылуына және таралуына қолдау көрсетуге міндеттенеді. Бұл жаңа ереже Хаттама ЮНЕСКО тек ақпараттың еркін ағылуы үшін ғана емес, дамыған және дамушы елдердің арасында ақпараттың екіжақты тең ағылуы үшін қабылдаған шараларының бірі ретінде е н г і з і л д і .

Келісімнің де, Хаттаманың да орындалуы келісуші мемлекеттерге ұлттық қауіпсіздікпен, қоғамдық тәртіппен немесе қоғамдық моральмен тікелей байланысты себептермен әкелуге тыйым салуына немесе шек қоюына кедергі жасамайды. Ол авторлық құқық, сауда таңбасы немесе патентке қатысты қолданудағы ережелерді де өзгертпейді.

Экспорт жөніндегі шектеулер

Хаттаманың тағы бір ережесі Келісімде жазылып қойған міндеттемелерді кеңейтпесе де, мүлде жаңа экспорт жөніндегі шектеулерге қатысты. Бұл ереже Хаттаманың қосымшаларында көрсетілген материалдарды қамтиды. Ол айтылған материалдар басқа келісуші мемлекеттерге арналған болса, онда келісуші мемлекеттер қандай бір кеден салығын, экспорт салығын немесе қандай бір ішкі салық салмайтындығын белгілейді.

Құжаттарда қамтылған материалдар

Енді Келісімнің салық салынбайтын артықшылықтарын пайдаланатын және Хаттама бұл артықшылықтарды тарататын материалдардың әртүрлі категорияларына біршама нақтырақ тоқталайық.

Кітаптар, басылымдар және құжаттар /Келісімнің А қосымшасы және Хаттаманың А қосымшасы/

Келісім бойынша кітап, газет, мерзімді баспасөз және баспа материалдарының көптеген басқа категорияларын салықсыз әкелуге рұқсат етілген. Осындай жолмен ноталар, карталар, тіпті туристік плакаттар да салықтар босатылады. Келісімнің бұл қосымшасында келтірілген барлық заттар, архитектуралық жобалар мен сызбалардан басқа, баратын жеріне қарамай кеден алымынан босатылады. Ең маңызды категория - кітаптар. Кітаптарға берілген салықтан босату жеңілдігі олардың ағартушылық, ғылыми және мәдени сипатына қатысты ешқандай шектеулерге жатпайды.

Хаттама бойынша кітаптарды салықсыз әкелу олар басылған тілге де, иллюстрацияға бөлінген орынның көлеміне де қарамастан қолданылады. Бұл ұлғайтылған жеңілдік мына заттарды, сондай-ақ олардың микроформаларын қамтиды:

/а/ Көркем безендірілген басылымдар /сыйлыққа лайық түрі/;

/в/ Импортшы елде тұратын автордың қолжазбасынан шетелде басылып шыққан к і т а п т а р ;

/с/ Сурет салу мен бояу үшін шығарылған балалар альбомы;

/d/ Басылған мәтіні және оқушылар толтыратын ашық жері бар мектепке арналған ж а т т ы ғ у л а р ж и н а ғ ы ;

/е/ Мәтіні баспадан терілген кроссвордтар жинағы;

/f/ Кітап басып шығару үшін пайдалануға арналған ішіне салатын иллюстрациялар және жеке немесе түптелген беттер түріндегі баспада терілген беттер және қайта көшіріп басуға арналған таңбалы бет немесе пленкалар.

Келісімде көрсетілген "баспадан шыққан кітап" ұғымын осылай кеңейтуге қоса Хаттама салықсыз жүйені тектес материалдардың басқа түрлеріне таратады. Енді Келісімде әдейілеп емес ескерілмеген баспадан шыққан құжаттар немесе баяндамалар, сондай-ақ егер коммерциялық сипаты болмаса, олардың микроформалары да қамтылады. Сондай-ақ мұнда Келісімде көрсетілген кейбір заттардың, атап айтқанда, баспадан шыққан кітаптардың, газет және мерзімді басылымдардың микроформалары да қамтылған. Келісім бойынша ағарту, ғылыми немесе мәдени сипаттағы фильмдердің , дыбыс жазбаларының және басқа аудиовизуальдық материалдардың каталогына алымдардан босату таратылады, бірақ оларды Біріккен Ұлттар ұйымы немесе қандай бір оның мамандандырылған мекемесі шығарған немесе олардың атынан шығарылған болса; Хаттама мұндай шартты алып тастап, мұндай каталогтардың барлығын салықтан босатады. Оның үстіне Хаттама Келісімде қамтылған географиялық, гидрографиялық және астрономиялық карталар мен сызбаларға ғылымның көптеген геология, зоология, ботаника, т.с.с. салалары бойынша ақпаратқа ие карталар мен сызбаларды қосады Ақыр соңында, ол Келісімде ескерілген заттарға тегін тарату үшін қарастырылған библиографиялық ақпараттық материалды қосады.

Келісім де, Хаттама да бұл материалдардың барар жеріне қатысты қандай бір шектеме қоймайды. Келісімде келтірілген жалғыз шектеме архитектуралық, өндірістік немесе инженерлік жобалар мен сызбалар импортшы ел қолдаған қандай бір мекеме үшін арналған болуы қажет деген шарт, бірақ бұл шарт Хаттамада жоқ.

Келісімнің А қосымшасының соңында келтірілген, мысалы, кеңсе құралдары, заттардың белгілі бір категорияларына кеден салығынан босату ережесі қолданылмайтынын атап өткен жөн.

Ағарту, ғылыми және мәдени сипаттағы өнер туындылары мен коллекциялық заттар /Келісімнің В қосымшасы және Хаттаманың В қосымшасы/

Бұл екі қосымшаның басты қамтыған заттары - картиналар мен суреттер. Оларға, баратын жеріне қарамастан, салықсыз әкелу құқығы берілген. Алайда картиналар мен суреттердің көшірмелері алымнан босату құқығына ие болу үшін олар қолдан салынған болуы тиіс. Хаттамада бұл заттарға алымдардан босату құқығы олар орындалған

материалдардың сипатына орай қандай бір шектеусіз берілетіндігін анықтай түседі.

Келісімнің қолданылуын қарау жөніндегі мәжіліс өнер туындыларының жоғары сапалы түрлі түсті көшірмесін басып шығару ісінде үлкен прогресске қол жеткенін мойындады. Сондықтан мүше мемлекеттер білім немесе мәдениет тұрғысынан ынта тудыратын бұл көшірмелерді таратуға көмектесудің әдістерін таба алады деген сенім білдірілді. Сарапшылар сондай-ақ суретті миниатюралар "картиналар" категориясына жатқызылады деп есептеуге болатынын атап көрсетті.

Келісімнің В қосымшасына енген категориялардың арасында 100 жылдан астам бұрын жасалған заттар деп анықталатын скульптура, коллекциялық заттар және антиквариат бар. Кеден басқармалары антикварлық заттың жасы жөнінде жеткілікті сендірерліктей дәлелдемелер талап етеді, сонда дәлелдеменің сипаты /сертификат немесе сарапшының бағасы/ әр елге байланысты өзгеріп отырады. Женевада сарапшылар мүмкін болғанынша мемлекеттер бұл заттардың ағартушылық, ғылыми және мәдени сипаты болу керек деген талап қоймаулары тиіс екендігі туралы келісті. Кілемдер, егер оларға 100 жылдан астам болса, антиквариат заты ретінде алымнан б о с а т у ғ а ж а т а д ы .

Хаттама бұл заттарға қыш пен ағашқа ойылған мозаиканы, егер олар бірегей өнер туындылары болса, қосады. Ол сондай-ақ коллекциялық заттар жіберілуге тиісті галереялар, мұражайлар және импортшы мақұлдаған мекемелер қоғамдық сипатта болуы қажет деген келісімде келтірілген шартты алып тастайды.

Ағарту, ғылыми және мәдени сипаттағы аудиовизуальдық материалдар /Келісімнің С қосымшасы және Хаттаманың С.2 қосымшасы/

Келісімнің С қосымшасында тізімделген аудиовидео материалдар кинофильмдерді, диафильмдерді, микрофильмдерді, слайдтарды, дыбыс жазбаларын, модельдер мен үлгілерді және қабырғаға ілетін таблицаларды қамтиды. Бұл материалдар ағарту, ғылыми және мәдени сипатта болуы қажет және импортшы ел тағайындаған мекемеге немесе ұйымға арналуы тиіс. Фильмдер мен жазбаларды телевизия және радио станциялары пайдалану үшін олардың әлемдігі айналымын қолдау құралы ретінде Келісімде ондай мекемелердің қатарына радио хабарлары органдары енгізілуі мүмкін д е п а р н а й ы е с к е с а л ы н а д ы .

Женевада сарапшылар ағарту, ғылыми және мәдени сипаттағы дыбыс жазбаларын әкелу құқығына ие ұйымдарды анықтағанда Келісімді қолданатын мемлекеттер ондайлардың қатарына музыка жөніндегі Халықаралық кеңеске мүше ұлттық комитеттер мен халықаралық ұйымдарды да жатқызуды ұсынды.

Келісім жасалған кезден кейінгі уақытта осы қосымшаның басты категориясы болып табылатын фильмдер маңызды рөл атқара бастады. Теледидардың дамуы фильмдерді, әсіресе, білім беру мақсатында қолдануда революциялық өзгерістер енгізді, мұның өзі оларды өндіру мен тарату техникасына жаңа әдістер қосуымен көрінді. Сол

себепті де сарапшылар барлық мүше мемлекеттерге фильмдер мен басқа аудиовизуальдық материалдарды әкелу саясатын қарауларына ұсыныс енгізді. Анағұрлым нақты әспетте олар Келісім көрініс қатарының бейнелерін жазатын жаңа түрлерді /кинескоптар, видеотаспалар, т.с.с./ қамтуы жөніндегі мәселені қарастыруды ұсынды. Олар сондай-ақ Келісім беретін артықшылықтар бұған таспаларды, дискаларды, т.с.с., сондай-ақ кәдуілгі грампластинкаларды енгізу үшін олардың физикалық негізіне қарамай-ақ дыбыс жазбаларына берілуін ұсынды.

Кеден органдары Келісім берген артықшылықтарды пайдалану кезінде фильмдерге байланысты қандай бір қиыншылықтарға кезіккен ұйымдарға ықылас және сезімталдық білдіруге міндеттенді. Келісімде берілген рұқсаттан басқа кейбір елдердің үкіметтері мәдени сипаттағы фильмдерді ресми өкімет жолымен және коммерциялық мақсат көздемей шетелге уақытша алып баруды көздейтін рәсім бар екендігін айта кету керек.

БҰҰ немесе қандай бір оның мамандандырылған мекемесі шығарған, ағарту, ғылыми және мәдени сипаттағы кинофильм, диафильм, микрофильм, дыбыс жазбаларын Келісімге сәйкес алымдардан босату туралы бірер сөзді ерекше қоса кету керек. Бұл - апарылатын нақты жерін көрсетуді талап етпейтін аудиовизуальдық материалдардың бірден бір категориясы. Бұл материалдарды сондай-ақ БҰҰ жүйесінде шығарылатын кітаптар мен басылымдарды кеденде танып-білуді жеңілдетудің құралы ретінде 1957 ж. мәжілісте арнайы жапсырма белгіленіп, бірауыздан мақұлданды.

БҰҰ және мамандандырылған мекемелер қолданатын жапсырма

Білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарды әкелу туралы Келісімнің шарттарына сәйкес жөнелтілді. /ЮНЕСКО/

**З а т т ы ң а т ы
А л у ш ы**

Жіберуші

Ұйымның мөрі

/Жапсырманы жағалау БҰҰ бес жұмыс тілінде, араб тілі жоқ, "Біріккен Ұлттар" деген жазу орналасқан. Жапсырманың мәтіні үш тілде - француз, ағылшын, испан тілдерінде. - Аудармашының ескертпесі/.

Хаттаманың С.2 қосымшасына сәйкес кеден салығынан босату әсіресе техникалық прогресс нәтижесінде пайда болған аудиовизуальдық материалдардың жаңа түрлерін қамтиды. Ол материалдарға мыналар жатады:

/а/ Видеотаспалар, кинескоптар, видеоскоптар, видеограммалар және бейне мен дыбыс жазудың басқа формалары;

/в/ Микрокарталар, микроафишалар, сондай-ақ ақпарат пен құжаттаудың компьютерленген қызметтерінде пайдаланылатын ақпарат сақтаудың басқа құралдары;

/с/ Видеокассеталар мен аудиокассеталарды қоса қатысты баспадан шыққан материалдары бар жиынтық түрлерінде болуы мүмкін бағдарлы оқытуға арналған

м а т е р и а л д а р ;

/d/ Төте көрсетуге немесе оптикалық құралдың көмегімен көруге арналғандарын қоса
д и а п о з и т и в т е р ;

/e/ лазерлік сәулемен көруге арналған голограммалар;

/f/ Молекулярлық құрылым немесе математикалық формула сияқты абстрактілік идеяның макеттері немесе кең көлемді үлгілері;

/g/ Ақпарат құралдарының әртүрлі жиынтығы.

Бұл тізім шектеулі болып табылмайды. Хаттамада ол болашақта табылуы мүмкін жаңа материалдарды, технология мен қосымша құралдарды қамту үшін ойластырылған .

Бұл материалдардан басқа Хаттама кейбір дәстүрлі аудиовизуальдық материалдарды салықтан босатуды көздейді. Бүгінгі күн оқиғасын көрсетуге байланысты пайдалануға арналған архивтік киноматериалдар, және балалар мен жастарға арналған көңіл көтеру фильмдері осыған жатады.

Хаттаманың осы қосымшасында тізімделген материалдардың барлығы туралы Келісімнің С қосымшасында баяндалған шарттағыдай тәртіппен салықтан босатылады. Бұл көрсетілген материалдар ағарту, ғылыми немесе мәдени сипатта болуы қажет және не импортшы бекіткен мекемелерге арналған болуы, не БҰҰ немесе оның мамандандырылған мекемелері шығарған болуы тиіс деген сөз.

Аудиовизуальдық материалдар /Хаттаманың С.1 қосымшасы/

Жаңа ғана қарастырған Хаттаманың С.2 қосымшасынан ерекшелігі бұл қосымшаның Келісімде өзіне қатысты қосымшасы жоқ. Ең басынан бастап мемлекеттер, егер қаласа, қатысты мәлімдеме жасап, Хаттамаға қосылар кезде оны қабылдамаулары мүмкін. Мұндай мәлімдеме жасаған мемлекеттер, яғни өздерін С.1 қосымшасымен байланысты емеспіз дегендер, С.2 қосымшасымен міндетті түрде байланысты болады. Бұл түсіндіруді қажет етеді.

Хаттаманың С.1 және С.2 қосымшалары балама ұсыныстар түрінде жасалған. Мемлекеттер екеуінің қайсысын қабылдауға дайын болса, сонысын таңдап алу мүмкіндігі туады. Бұдан С.1 қосымшаны қолданғысы келген мемлекеттер көздеулі мәлімдеме жасамайды, ондай жағдайда С.1 қосымшасы міндетті болады да, Келісімнің С қосымшасы мен Хаттаманың С.2 қосымшасы шығарылып тасталады. С.1 қосымшаны қабылдауға дайын емес мемлекеттер көздеулі мәлімдеме жасайды, сол кезде олар Келісімнің С қосымшасын толықтыратын С.2 қосымшасына байланысты болып шығады. Басқаша айтқанда, С.2 қосымшасы шамалы ғана міндеттеме жүктейді, алайда мемлекеттер С.1 қосымшасын қолданып, Келісімнің қамту аумағын кеңіткісі келуі м ү м к і н .

Шынында да, С.1 қосымшасы өзі қамтитын материалдардың бәрін кітапқа ұқсатады да, оларға бірдей мәртебе береді, яғни оларды қосарланған талапқа - ағарту, ғылыми және мәдени сипатта болуы керек және импортшы ел бекіткен мекемелерге жіберілуі

қажет дегендерге бағындырмай, салықсыз әкелу жеңілдігін береді. Бұл қосымшада келтірілген материалдар Келісімнің С қосымшасында келтірілгендермен бірдей: кинофильмдер, диафильмдер, микроформалар, слайдтар, дыбыс жазбалары, модельдер, үлгілер және қабырғаға ілетін таблицалар, бұған жоғарыда С.2 қосымшасында келтірілген материалдардың жаңа түрлерін: видеотаспаларды, видеодискаларды, т.с.с. шектелмеген негізде қосады. Бірақ салықтан босату кейбір С.1 қосымшасының аяғында келтірілген, дыбыс жазудың пайдаланылмаған құралдары және олардың қабы, мысалы, кассеталар, патрондар және бобиналар сияқты заттарға таратылмайды.

Ғылыми аспаптар мен аппаратура /Келісімнің D қосымшасы және Хаттаманың D қосымшасы/

Келісім бойынша алымдардан тек қана оқулық мақсатқа немесе таза ғылыми зерттеулерге арналған ғылыми аспаптар мен аппаратура босатылады. Олар импортшы ел бекіткен мекемелерге арналуы және осы мекемелердің бақылауында пайдаланылуы т и і с д е п а н ы қ т а л а д ы .

Үкімет сарапшылары ғылыми құрал-жабдықтардың, әсіресе дамушы елдер үшін, еркін таралуына үлкен маңыз береді. Олар Келісім жасалғаннан бері ғылым мен техникада қол жеткен орасан зор прогресске сәйкес келісімнің бұл қосымшасы ең либералды түрде орындалуы қажет екенін атап көрсетті. Сол себепті де олар "таза ғылыми зерттеулер" ұғымын коммерциялық мақсатқа арналған аспаптар мен аппаратураны ғана шығарып тастау ұғымында түсіну керек деп ұсынады.

Сарапшылар оған қоса аспаптар мен аппаратураға берілетін жеңілдіктер ондай аспаптарды немесе аппаратураны жөндеуге, ретке келтіруге, сынақтан өткізуге, күтімге алуға арнайы жасап шығарылған құрал-саймандарға, керек-жарақтар мен қосалқы бөлшектерге де белгілі бір жағдайларда берілуі қажет деп есептеді.

Ал ғылыми аспаптар мен аппаратура арнайы мақұлданған мекемелерге беріліп, солар пайдалануы керек деген талапқа келсек, оны әр ел іс жүзінде әртүрлі қолданады. Келісуші мемлекеттердің бірқатары аспаптардың арналуы жөніндегі талаптарды орындамайды. Сарапшылар мемлекеттер бір нәрсені әкелген сайын мекемені бекітіп отыруы керек деп зорлауға әсте болмайды, мұндай бекіту тұрақтылық негізде немесе ұзартылуы мүмкін белгілі бір кезеңге жасалуы қажет деп білді. Оның үстіне осылай бекіткен мекеме міндетті түрде болмаса да, өзі импортшы болуы керек, өйткені бұл оның атынан белгілі бір шартпен жасалады. Оның үстіне кеден өкіметтері мүмкін болғанда қандай бір мекеме әкелген құрал-жабдықтарды салықсыз әкелуге рұқсат ете алар еді, өйткені ондай мекеме өкіметтің қолдауына ие болуына барлық негіз бар.

Келісім бойынша импортшы елде балама ғылыми құнды зат өндірілмейтін болса ғана алымнан босатылады. Іс жүзінде кейбір елдер бұл шартты орындамайды. Екінші бір елдерде баламалы заттың шығарылатынын құзырлы министрлік шешеді дейтін жүйені қолданады. Сарапшылар мұндай шешім қабылдағанда қатысты зат осы кезде қолда бар ма және олар орынды уақыт ішінде жасап шығарыла ма, сондай-ақ олар

баламалы тиімділік бере ала ма деген мәселе қаралуы қажет деген ұсыныс берді. Сарапшылар ғылыми зерттеу және оқыту мүддесі үшін тез де либералды шешім қабылдаудың маңызды екенін, мұндай шешімді құпталған мекеме директорының құзырына қалдыруға болатынын атап көрсетті.

Сарапшылар сондай-ақ дамушы елдерде ЮНЕСКО құрған орталықтарда және ЮНЕСКО-ның және басқа халықаралық ұйымдардың ынтасымен қолға алынған халықаралық ғылыми бағдарламаларда пайдалануға арналған ғылыми жабдықтардың халықаралық көлемдегі айналымын жеңілдету үшін бар мүмкіндіктерін пайдалануды ұсынды. Олардың арасында Үнді мұхиты мен басқа аудандарды океанографиялық зерттеу, "Құрғақ жерлер" Жобасы, гидрогеологиялық зерттеулердің Халықаралық он жылдығы, жүйке клеткасын зерттеу жөніндегі Халықаралық ұйым, Халықаралық сейсмология және сейсмикаға қарсы құрылыс институты және Тыныш күн көзі жылы с и я қ т ы л а р б а р .

Мемлекеттердің Келісімнің D қосымшасына сәйкес артықшылықтар берілуге тиісті ғылыми аспаптар мен аппаратураның категориясын анықтау дағдысында айтарлықтай ала-құлалық байқалады. Ғылыми зерттеулер қажетінің өзгерулеріне байланысты кез келген тізім жиі-жиі қайта қаралуға тиіс. Оның үстіне жергілікті жағдайлар, мәселен, климат, басқа жерлерде қажет емес белгілі бір жабдықтарды пайдалануды қажет етеді, мысалы, тропикада орналасқан мекемелер үшін тоңазытқыш жабдықтар сияқты. Алайда D қосымшасына сәйкес бірқатар елдер артықшылық беретін ғылыми аспаптар мен аппаратура категорияларынан мысал ретінде мыналарды келтіруге болады/ бұл тізім таза көрнекілік болып табылатынын, қандай бір шектеулер қоюды мақсат етпейтінін еске ұстау керек/.

Астрономиялық аспаптар, мысалы, целостат, спектрогелиограф, спектрогелиоскоп, телескоп, теодолит/.

Таразылар, аналитикалық, химиялық және басқалары.

Суретке түсіру немесе сәуле көрсету құралдарымен жарақтанған немесе жарақтанбаған күрделі оптикалық микроскоптар.

Электрлі өлшеуіш, бақылау және аналитикалық аспаптар мен аппаратура /мысалы, амперметр, омметр, вольтметр, жиілік өлшеуіш, өлшеу көпіршелері, осцилоскоптар мен сейсмометрлер/.

Геофизикалық аспаптар /мысалы, ағысты өлшейтін ожаулы айналмалар, жаңбыр өлшеуіш және жаңбыр индикаторлары, деңгей өлшеуіштері, өзі жазатын толқын өлшеуіштері мен мареографтар/.

Жылудың, жарықтың және дыбыстың сандық параметрлерін бақылауға немесе өлшеуге арналған аспаптар мен аппаратура /мысалы, колориметр, люксометр, фотометр/.

Альфа, бета, гамма, рентген, космостық немесе осыларға ұқсас сәулелерді өлшеуге немесе іздеп табуға арналған аспаптар мен аппаратура /мысалы, дозиметр, Гейгер

счетчиктері, сцинтилляциондық счетчиктер/.

Физикалық немесе химиялық анализ жасауға немесе зерттеу үшін арналған аспаптар мен аппаратура /мысалы, колориметр, поляриметр, рефрактометр, сахариметр, спектрофотометр, спектрометр, спектроскоптар/.

Өндіріс материалдарының /мысалы, металдың, ағаштың, матаның, қағаздың және пластиктің/ қаттылық, беріктік, қысылу, серіппелік, т.б. қасиеттерін механикалық сынақтан өткізуге арналған қондырғылар мен құралдар.

Метеорологиялық аспаптар /мысалы, актинометр, анемометр, нефескоп, өзі ж а з а т ы н г е л и о г р а ф / .

Электронды және протонды микроскоптар мен дифракцион аппараттары.

Ядролық физика саласын зерттеуге арналған жабдықтар.

Енді Келісімнің Хаттамасына келсек, оның D қосымшасы барлық ғылыми аспаптар мен аппаратураны, олардың оқулық мақсатқа немесе таза ғылыми зерттеуге, болмаса басқаға арналғанына қарамастан, салықсыз әкелуді көздейді. Хаттама алайда, коммерциялық мақсатқа арналған аспаптар мен аппаратураны бұдан шығарып тастайды, өйткені, ол олардың бекітілген ғылыми мекемелерге немесе оқу орнына бағытталу және осы мекемелердің бақылауында пайдаланылуы шартын сақтайды. Хаттамада, сондай-ақ, салықсыз әкелу сонда ғана рұқсат етіледі, егер импортшы елде баламалы ғылыми құндылығы бар аспаптар мен аппаратура өндірілмейтін болса деген ш а р т с а қ т а л а д ы .

Хаттама бойынша кеден салығынан босату ғылыми аспаптар мен аппаратураға арналған қосалқы жабдықтарға және ондай аспаптар мен аппаратураны күтімге алу, бақылау, ретке келтіру және жөндеуге қажетті саймандарға таратылады. Келісімде айтылмаған бұл заттар ғылыми аспаптармен бірге әкелінуі тиіс. Оларды кейін де әкелуге болады, бірақ ондай жағдайда оларды салықсыз әкелінген аспаптар үшін арналған деп тану қажет. Импортшы елде балама құндылықтағы саймандар өндірілмеуі керек.

**Соқырларға арналған заттар /Келісімнің Е қосымшасы/
Соқырларға және дене мүшесі немесе ақыл-есі кеміс
адамдарға арналған заттар /Хаттаманың Е қосымшасы/**

Келісім бойынша соқырларға арналып дөңес қаріптермен басылған материалдар салықсыз әкелінеді. Соқырлардың дамуына қажетті басқа материалдар, егер оларды Келісім шеңберінде осы мақсатын үшін бекітілген мекемелер мен ұйымдар әкелетін болса, салықтан босатылады.

Соқырларды қамқорлығына алған Дүниежүзілік ұйымның ұсынысы бойынша сарапшылар Женевада Келісімге қатысатын келісуші мемлекеттерді оның Е қосымшасын мүмкіндігінше соқырларға арналған басқа заттарға қолдануға шақырды.

Хаттама мұндай жеңілдік беруді Хаттамаға қатысушы - келісуші мемлекеттер үшін м і н д е т т і е т е д і .

Онда соқырлардың дамуына арналған барлық заттар, егер оларды бекітілген мекемелер мен ұйымдар әкелсе және айтылған ұйымның ұсынысы бойынша дайындалған ондай заттардың ұсыныс тізімі келтірілсе, онда салықсыз өткізілуі керек деп ескертілген. Бұл тізімге "дыбысты кітап", фонограф пен кассеті ойнатқыш, оқуға арналған электронды машиналар, Брайль қағазы, ақ таяқтар, бағдар беретін электронды аспаптар, Брайль сағаты, оқу құралдары, ойындар, компьютерлік терминалдар мен Брайль дисплейлері, т.с.с. енгізілген.

Соқырларға арналған материалдардың тізімін осылай ұлғайтудан басқа өзінің Е қосымшасында тек соқырларға арналған заттарды қозғаған Келісімде айтылмаған, дене мүшесі немесе ақыл-есі кеміс басқа адамдарға арналған заттарды Хаттама кеден с а л ы ғ ы н а н б о с а т а д ы .

Егер бекітілген мекемелерге немесе ұйымдарға арналған және импортшы елде баламасы жоқ болса, ондай заттар салықсыз тәртіпті пайдаланатыны жөнінде Хаттамада арнайы қарастырылған.

Дене мүшесі немесе ақыл-есі кеміс адамдарға көмек көрсету жөніндегі халықаралық ұйымдар Кеңесінің ЮНЕСКО үшін жүргізген зерттеуінде жоғарыда айтылған заттардың ішіне ортопедтің немесе неврологтың тұрақты көмегін қажет ететін адамдар, ақыл-есі кеміс немесе науқас, керең және созылмалы аурумен ауыратын адамдар үшін арнайы арналған заттар да кірсе деген ұсыныс жасалды және ондай заттар мыналар болуы мүмкін:

/а/ Протездер және ортопедиялық құралдар мен олардың құрамдары;

/в/ Күнделікті өмірге қажет техникалық құралдар;

/с/ Мүгедек арбалары және жүруге қажетті басқа құралдар;

/d/ Керендер үшін және сөйлеу мүмкіндігі бұзылған адам үшін арнайы байланыс құралдары ;

/е/ Мүгедектерді қатарға қосу үшін, жалпы білім беру мен арнайы мамандыққа даярлау істерін қоса, қажетті арнайы жабдықтар;

/f/ Жоғарыда айтылғандардың бәрін жасауға қажетті шикізат.

Спорт құрал-жабдықтары /Хаттаманың F қосымшасы/

Әкелінетін жері мен әкелуші елде баламалы материалдардың өндірілмейтіндігіне қатысты қосарланған шартты сақтай отырып, Хаттаманың бұл қосымшасы салықтан босатылатын материалдардың қатарына спорттық жабдықтарды қосады. Мұндай жабдықтар тек қана бекітілген әуесқой спорттық ассоциациялар мен топтарға арналуы қ а ж е т .

Мемлекеттер Хаттаманың қатысушысы бола қалған күнде бұл қосымшаны қабылдамауға құқықты екенін еске саламыз.

Музыкалық аспаптар және басқа музыкалық жабдықтар
/Хаттаманың G қосымшасы/

Бұлар да спорттық жабдықтар әкелінетін шарттағы сияқты салықсыз әкеліне алады. Әкелушілер бекітілген мекемелер немесе музыкалық оқу орындары болулары қажет.

Бұл қосымша да факультативтік сипатқа ие.

Кітап, басылым және құжаттарды өндіруге арналған материалдар мен машиналар

/Хаттаманың II қосымшасы/

Хаттаманың осы соңғы қосымшасында салықсыз әкелінетін заттарға кітап басып шығаруға пайдаланылатын целлюлоза, қағаз макулатурасын өңдеу арқылы алынған қағаз, типографиялық бояу, желім, т.с.с. материалдар, сондай-ақ қағаз өңдеуге арналған машиналар, баспа және түптеу машиналары қосылады. Сөйте тұра кітап өндірісіне арналған материалдарға салықтар сөзсіз босату құқығы берілсе, машиналар салықтан босату құқығын егер әкелуші елде осындай техникалық сападағы машиналар өндірілмейтін болса ғана алады.

Бұл қосымша да өзін онда көрсетілген шарттарымен байланыстырғысы келмеген мемлекеттердің назар аудармауына болатындығын ескертеді.

Көпшілік көрмелерге арналған материалдар

/Келісімнің III бабы және Хаттаманың V бөлімі/

Келісім білімге, ғылымға және мәдениетке қатысты және бекітілген көпшілік көрмелерде көрсету үшін, соңынан қайта әкетілетін материалдарды әкелгенде бар мүмкін болатын жеңілдіктерді беру жағын қарастырады. Бұл жеңілдіктер кеден салығынан және кейбір басқа алымдардан босатуды, сондай-ақ әкелуге қажетті лицензия беруді көздейді. Одан басқа әкелетін кезде де, әкетілетін кезде де кедендік байқау мұражайда немесе көрменің сол ғимаратында мұражайдың өкілі мен оның штатындағы мамандардың қатыстырылуымен өткізілсін деген ұсыныс айтылады.

Сарапшылар бұл жеңілдіктерді алу құқығы бар көрмелер Халықаралық мұражай кеңесінің қамқорлығымен өтетінін атай келіп, осы ұйым бекіткен көрмелерге III Бапқа сәйкес артықшылықтар беруді ұсынды. Мұражайлардың Халықаралық кеңесі, 1957 ж. мәжілістің қолдауымен осы мақсат үшін төмендегідей жапсырманы бекітті:

Мұражайлардың Халықаралық кеңесі пайдаланатын жапсырма

Білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарды әкелу туралы келісім - ЮНЕСКО

Қорғау куәлігі

Сақ болыңыз: өнер
туындысы

Мұражайлар Халықаралық

кеңесі

Кеден пайдалануы үшін
М Х К

Ішіндегілері көрме
Орталығында тексерілді
Орам /белгісі мен нөмірі/:
ұйымдастырған

немесе бекіткен көрмелер

Оралып, мөрленді:

Датасы

Кеден органының

штампы

Көрменің аты...

Осы орамды Келісімге сәйкес /3/... апару үшін тексерусіз өткізуді өтінемін.

Жіберуші:

Қолы...

Дата....

/1/ Айлақ немесе шыққан жері
/2/ Айлақ немесе әкелінетін жері

/3/ Көрме орталығының аты

/Жапсырманың мәтіні екі тілде - ағылшын және француз тілдерінде жазылған - Ауд. ескерт./

Келісімде көрсетілген жеңілдіктерді хаттама материалдармен жиһазға таратады - мысалы, кітапхана материалдары. Ағарту, ғылыми және мәдени сипаттағы заттарды әкелгенде қажетті шарттардағыдай шартпен уақытша әкелінетін кітапхана жиһазы.

Оларды қалай пайдалану қажет

Жеке адамдар үшін Келісім бойынша да, Хаттама бойынша да қандай бір ерекше формальдықтар талап етілмейді. Мысалы, олар кітаптар мен картиналарды бұрын қалай әкелсе, солай ете берулеріне болады, бірақ бұрын қолданылған кеден салығын немесе қандай бір басқа алымдарды бұдан былай төлеуге міндетті емес.

Алайда оқулық фильм немесе ғылыми құралдар сияқты материалдардың кейбір басқа категориялары Келісім бойынша немесе Хаттама бойынша осы мақсат үшін елдің құзырлы өкіметтері бекіткен мекемелер немесе ұйымдар әкелсе ғана артықшылықпен пайдаланады. Әрбір келісуші мемлекет бекітудің қандай әдістерін таңдап алғысы келетінін өзі біледі, яғни мекемені немесе ұйымды бекіткенде пайдаланатын шарттар, бекіту үшін жаймайтын мерзім және т.с.с. Келісімге сәйкес бекітілген мекемелер мен ұйымдардың мысалы: /а/ мектептер мен университеттер; /б/ радиохабары ұйымдары; /в/ ғылыми лабораториялар; /г/ көпшілік кітапханалар; /д/ көпшілік галереялар мен мұражайлар; /е/ соқырларды қамқорлығына алған мекемелер мен ұйымдар.

Әрбір Үкімет бекіту мақсаты үшін құзырлы органды тағайындайтын ұйымды өзі анықтайды, мысалы, білім министрлігі немесе қаржы министрлігі. Бекіту алғысы келген мекемелер мен ұйымдар осындай жолмен тағайындалған органға немесе өз елінің ЮНЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясына баруы керек.

Қиындықтардан өту жолдары

Келісімді түсіну мен іс жүзінде қолдануда көп қиыншылықтар туған жоқ, енді жуырда қабылданған Хаттама да солай болады деп сенуге болады. Егер қандай бір қиындық туа қалса, оны былай жоюға болады.

Егер Келісімде немесе оның Хаттамасында қамтылған қандай бір материалды әкелуге ниет еткен жеке адамға немесе бекітілген ұйымға осы іспен айналысатын

өкімет органының нақты өкілі /кеден қызметкері, валюта басқармасы, т.с.с./ көзделген жеңілдіктерді беруден бас тартқан жағдайда, импортер болғысы келген адам бұл оқиғаны өз елінің құзырлы өкіметіне жеткізіп, шешімді қайта қарауын өтінуі керек. Егер ол қанағаттанарлық нәтижеге жете алмаса, онда материалдарды экспорттаушыны пайда болған қиындықтармен таныстыруы қажет. Сонда экспорттер бұл туралы өз елінің құзырлы өкіметтеріне хабарлай алады, ал олар егер дұрыс деп тапса, импортшы елдің өкіметтері алдында осы мәселені көтере алады.

Өзара келісу арқылы мемлекеттер импортталушы материалдардың ағарту, ғылыми немесе мәдени сипатына қатысты ЭНЕСКО-ның бас директорының кеңесші шешімін сұрай алады.

ЮНЕСКО-ның рөлі

ЮНЕСКО-ның секретариаты келісуші мемлекеттер арасында ақпарат алмасу арнасы қызметін атқара алады. Келісім де, Хаттама да әр келісуші мемлекет ЮНЕСКО-ға оларды орындау шаралары туралы баяндама тапсыруды қарастырады; бұл баяндамалар барлық мүше мемлекеттерге жіберіледі. Келісімнің қолданылуын талқылаған Женевада өткен мәжілістер ЮНЕСКО-ның секретариаты ресми емес кеңес беру арқылы мемлекеттерге олардың Келісімнің қатысушы болуына жасалып отырған кедергілерді жоюына көмектесе алатындығын атап көрсетті.

Аудиовизуальдық материалдар туралы Келісіммен байланыс

Келісім мен Хаттаманың ЮНЕСКО бұрынырақ дайындаған Келісімнен: 1948 жылы Бас конференция қабылдаған Ағарту, ғылыми және мәдени сипаттағы аудиовизуальдық материалдардың әлемдегі айналымына көмектесу туралы Келісімнен /"Бейрут келісімі" /

б і р қ а т а р а й ы р м а с ы б а р .

Осы брошюраны құраған құжаттар аудиовизуальдық материалдарға қатысты ғана қолданылмай, материалдардың көптеген басқа түрлерін де қамтитын болса, Бейрут келісімі тек ғана аудиовизуальдық материалдарға арналған және олардан екі жағдайда а й ы р м а с ы б а р .

1. Ол - әкелуге салынатын кеден салығы мен басқа да арнайы салықтар мен алымдардан босатуға қосымша - саны жағынан шектеу мен әкелуге лицензия алу қажеттілігінен босатады.

2. Ол бұл жеңілдіктерді әкелінетін материалдардың бекітілген мекемелер немесе ұйымдарға арналуы негізінде емес, материалдардың бекітілген ағарту, ғылыми немесе мәдени сипатының негізінде береді.

Флоренция және Бейрут келісімдері жеке құқықтық субъектілер болып табылады. Әрқайсысы өздерінің жеке жосықтарын қарастырады және үкіметтер олардың біріне немесе екеуіне де қосыла алады.

1967 ж. Женевада екі келісімнің де қолданылуын талқылаған мәжіліс олар бірін бірі толықтырады деп тапты және көптеген мемлекеттер олардың екеуіне де қосылуы мүмкін деп санайды деген сенім білдірді.

Басқа халықаралық келісімдер

Білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдар көбіне уақытша пайдалануға әкелінеді де, соңынан шыққан еліне қайта әкетіледі. Осы уақытша әкелу ерекше жосықтарды талап етті. Осыған сәйкес, үкіметаралық ұйым кеден ынтымақтастығы Кеңесі ЮНЕСКО-мен ақылдасып, бес кеден конвенциясын дайындады, олар ЮНЕСКО тарапынан жасалған келісімді толықтырып, уақытша әкелудің ережелерін қамтамасыз е т т і .

Келісімнің қолданылуын қарастырған 1967 ж. Женева мәжілісі Келісімге қосылмаған мемлекеттер уақытша әкелу туралы конвенцияның қатысушылары болу мүмкіндіктерін қарастыруды ұсынды. Бұл бес конвенция мыналар:

1. Көрсету үшін немесе көрмелерде, жәрмеңкелерде, мәжілістерде, тағы сол сияқты шараларда пайдалануға арналған тауарларды әкелуге жеңілдіктер туралы кеден к о н в е н ц и я с ы / 1 9 6 1 ж . /

Бұл конвенция білімнің, өнердің, қол өнерінің, спорттың кез келген саласына қатысты немесе ғылыми, ағарту немесе мәдени қызметке қатысты көрмелер немесе мәжілістерді қамтиды. Ол көрсетуге немесе қандай бір шарада пайдалануға арналған заттарды әкелу алымынсыз немесе салығынсыз уақытша әкелуді көздейді. Ол сондай-ақ жоғарыда айтылған жағдайларда көрмеге қойылған шетел тауарларына қатысты жарнамалық материалдардың тегін әкелінетін шектеулі мөлшерінен әкелу алымы мен салықтар алынбауын және импортқа қойылған шектеу мен экономикалық сипаттағы шектеулерінің алынып тасталуын қарастырады. Қамтитын материалдарына баспа материалдары, каталогтар, сауда туралы хабарландырулар, жарнамалық плакаттар, күнтізбелер мен фотосуреттер жатады. Кедендік тексеріс, тәртіп ретінде, шара өткізіліп жатқан жерде өтуі тиіс.

2. Мамандандырылған жабдықтарды уақытша әкелу туралы кеден конвенциясы / 1961 ж./ Бұл конвенция, басқаларымен қатар, әкелетін елде уақытша қызмет ететін журналистерге, радио мен теледидар ұйымдарына, кинорежиссерлерге, ғалымдарға, театр ұжымдарына және оркестрлерге жататын жарақтарға қолданылады. Онда бұл сияқты керек-жарақтар әкелу алымынан және салықтардан, сонымен бірге ш е к т е у л е р д е н б о с а т ы л а д ы .

3. Тауарларды уақытша өткізуге арналған кітапша туралы кеден конвенциясы /1961 ж/. Уақытша әкелуді қамтамасыз ету үшін импортерді әкелу мерзіміне депозит қалдыру талабын орындау қажеттігінен босататын, сондай-ақ кедендік декларация болып табылатын кітапша /carnet/ енгізілді. Кітапша қайсы бір бекітілген ассоциация берген кепілдік болып табылады. Ол бір елге немесе бірнеше елге уақытша әкелуге және уақытша әкетуге, сондай-ақ транзит мақсатында пайдалануға жарайды.

4. Ғылыми құрал-жабдықтарды уақытша әкелу туралы кеден конвенциясы /1968 ж./ ғылыми зерттеулер немесе оқулар үшін әкелініп, соңынан қайта әкетілетін ғылыми аспаптар мен аппаратураға, сондай-ақ қосалқы бөлшектерге, қажетті қосымша

жабдықтар мен саймандарға белгілі бір жағдайларда әкелу алымынсыз, салықсыз және шектеусіз уақытша рұқсат беріледі.

5. Педагогикалық материалдарды уақытша әкелу туралы кеден конвенциясы /1970 ж./ Бұл конвенция оқу немесе мамандық беру мақсатында қолданылатын слайдтар мен диафильмдерді көрсету аппараттарын, ішкі жүйеге /тұйықталған/ қажетті телевизиялық жабдықтарды, аудиовизуальдық материалдарды, жылжымалы кітапханаларды, лингафон кабинеттерін, дене мүшесі немесе ақыл-есі кеміс адамдарға арналған материалды, мамандыққа немесе қол өнеріне үйрету үшін қажетті станоктарды, т.с.с. қамтиды. Белгілі бір жағдайларда Конвенция бұл материалдарға, сондай-ақ қосалқы бөлшектер мен саймандарға, егер олар соңынан қайта әкетілетін болса, әкелу алымынсыз және салықсыз, шектеусіз және тыйым салмай уақытша әкелуге ж е ң і л д і к т е р б е р е д і .

Бұл конвенциялар туралы толығырақ ақпаратты кеден ынтымақтастығы Кеңесінен... мына адрес бойынша алуға болады: 40, рю Вашингтон, Брюссель 5 /Бельгия/.

Ақпаратты қайдан алуға болады

ЮНЕСКО-ның Келісімдері туралы қосымша мәлімет алғысы келген жеке адамдар, мекемелер мен ұйымдар өз елінің құзырлы өкіметтеріне, мысалы, Оқу министрлігіне немесе Қаржы министрлігіне баруы керек. Сондай-ақ мына адреске сұрау салуға болады: Коммуникация саласындағы саясат пен ақпаратты еркін тарату бөлімі, ЮНЕСКО 7 Плас де Фонтенуа, 75700 Париж /Франция/. - Division of Free Flow of Fontenoy, 75700 Paris /France/.

Білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарды әкелу туралы келісімге Хаттама

/ЮНЕСКО-ның Бас конференциясы Найробиде 1976 жылы қабылдаған/ Келісуші Мемлекеттер - білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарды әкелу туралы Келісімге қатысушылар, білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының 1950 жылы Флоренцияда өткен оның бесінші сессиясында Бас к о н ф е р е н ц и я с ы м а қ ұ л д а ғ а н .

Келісім, бұдан әрі "Келісім" деп аталатын, негізделетін принциптерді қайта қуаттап.

Бұл Келісім кеден кедергілерін азайтудың және идея мен білім алмасуға бөгет болатын экономикалық сипаттағы басқа да шектеулерді босаңсытудың тиімді құралы б о л ғ а н ы н е с к е р е к е л і п ,

Осы Келісімнің басты мақсаты болып табылатын техникалық прогресс Келісім қабылданған ширек ғасыр ішінде ақпарат алмасу жолдары мен құралдарын өзгерткенін е с к е р е к е л і п ,

Халықаралық сауда саласында осы мерзім ішінде болған өзгерістер жалпы алмасу еркіндігінің ұлғайтындығынан көрініп отырғанын ескере келіп,

Халықаралық қауымдастықтың, әсіресе көптеген мемлекеттердің тәуелсіздік алуы

нәтижесінде, дамуының арқасында Келісім қабылданған кезден бері әлемдегі жағдай түбегейлі өзгергенін ескере келіп,

Дамушы елдердің мұқтаждықтары мен ой-армандарын ескеру, оларға білім, ғылым, техника және мәдениет салаларында анағұрлым жеңіл, неғұрлым арзан жол ашу қажеттігін ескере келіп.

ЮНЕСКО-ның Бас конференциясы 1970 жылы мақұлдаған Мәдениет байлықтарын заңсыз әкелу, шығару және оған иелік құқығын басқаға беру сияқтыларға тыйым салуға және алдын алуға бағытталған шаралар туралы Конвенцияның шарттарын және бас конференция 1972 жылы мақұлдаған дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы Конвенцияның шарттарын еске сала.

Бұдан басқа Кедендік серіктестік Кеңесінің көмегімен және білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымымен білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарды уақытша әкелу жөнінде Кеңесіп жасалған кеден конвенциясын еске сала,

Келісушіліктің қажеттігін және мұндай келісушіліктер экономикалық және әлеуметтік прогресстің өмірлік маңызды негізін құрайтын білім, ғылым және мәдениетті дамытуға одан әрі тиімді көмектесетініне көз жеткізіп,

ЮНЕСКО-ның Бас конференциясының он сегізінші сессиясында қабылданған 4.112 резолюцияны еске сала,

Төмендегілерге келістік:

I

1. Келісуші Мемлекеттер А, В, D және Е қосымшаларында көрсетілген, егер төменде аталатын қосымшалар төменде көрсетілген 16 /a/ пунктіне сәйкес мәлімдеу тақырыбы болмаса, және осы хаттамаға қосылған С, I, F, G және H қосымшаларында көрсетілген заттарға, оларды әкелгенде не әкелуге байланысты кеден салығы мен басқа да алымдардан босату туралы осы Келісімнің I бап, I пунктінде белгіленген материалдарға, егер ондай материалдар осы қосымшаларда айтылған талаптарға сай болса, және басқа Келісуші Мемлекеттің мүлкі болатын болса салықтан босатуға міндеттенеді.

2. Осы хаттаманың i пунктінің қағидалары кез келген Келісуші Мемлекеттің сырттан әкелінетін мына материалдарға салық салуына кедергі болмайды:

/a/ әкелген кезде немесе кейін отандық ұқсас бұйымнан тура немесе жанама түрде алынатын алымнан немесе салықтан аспайтын мөлшердегі ішкі салықтар немесе кез келген ішкі алымның кез келген түрі.

/в/ кеден салығынан басқа үкімет немесе әкімшілік өкіметтер материалды әкелген кезде немесе әкелуге байланысты салатын, мөлшері жағынан көрсетілген қызмет құнынан аспайтын және отандық бұйымдарды не жанама қорғауға жатпайтын, не пайда алу мақсатында импортқа салынатын салық болып табылмайтын салықтар мен алымдар.

II

3. Осы Хаттаманың 2/а/ пунктінің шарттарына қарамастан Келісуші Мемлекеттер төменде көрсетілген материалдарға оларды әкелген кезде немесе кейін салынатын ешқандай ішкі салық немесе кез келген түрдегі ішкі алымдар салмауға міндеттенеді:

/а/ осы хаттаманың 5 пунктінде көрсетілген, кітапханаларға арналған кітаптар мен б а с ы л ы м д а р ;

/в/ өз елінде шыққан ресми, парламенттік және әкімшілік құжаттар;

/с/ Біріккен Ұлттар Ұйымының немесе оның кез келген мамандандырылған мекемесінің кітаптары мен басылымдары;

/d/ білім, ғылым және мәдениет жөніндегі біріккен Ұлттар ұйымы алған және ол өзі немесе өз бақылауымен ақысыз тарататын кітаптар мен басылымдар;

/е/ әкелінетін елден тыс жерлердегі туризмді дамытуға арналған, ақысыз жіберілетін және таратылатын б а с ы л ы м д а р ;

/f/ соқырларға және дене мүшесі мен ақыл-ойы кеміс адамдарға арналған заттар;

/I/ дөңес қаріппен соқырларға арналып басылған кітаптар, басылымдар және қ ұ ж а т т а р ;

/II/ соқырлар мен дене мүшесі, ақыл-ойы кеміс адамдардың білім, ғылыми және мәдени дамуына әдейі арналған, әкелінетін елдің құзырлы өкіметтері бекіткен, соқырлар мен дене мүшесі және ақыл-ойы кеміс адамдардың білімін көтеру және көмек көрсету мәселелерімен айналысым жүрген мекемелер мен ұйымдар тікелей әкелетін басқа да заттар.

III

4. Келісуші Мемлекеттер осы Хаттамаға қосымшаларда көрсетілген заттар мен материалдарға егер олар басқа Келісуші Мемлекеттерге экспортқа шығаруға арналған болса ешқандай кеден салықтарын, экспорт салықтарын немесе елден шығарылатын тауарларға салынатын салықтарды немесе осындай заттар мен материалдардан алынатын кез келген басқа ішкі салық түрлерін қолданбауға міндеттенеді.

IV

5. Келісуші Мемлекеттер Келісімнің II Бабы, I пунктінде қарастырылған қажетті лицензия және/немесе шетел валютасын беруді мына әкелінетін материалдарға қ о л д а н у ғ а м і н д е т т е н е д і :

/а/ кітапханаларға арналған, қоғам мүддесіне қызмет ететін кітаптар мен б а с ы л ы м д а р ;

/I/ ұлттық кітапханалар және ірі ғылыми-зерттеу кітапханалары;

/II/ жалпы және мамандандырылған, университеттердің, колледждердің, институттардың және университеттен тыс жерлерде орналасқан университет кітапханаларын қоса ғылыми кітапханалар;

/III/ көпшілік кітапханалар;

/IV/ мектеп кітапханалары;

/V/ үкімет кітапханасы, өкімет органдарының кітапханасы, өндірістік кітапханалар және кәсіптік ұйымдар кітапханалары сияқты мүдделері айқын белгіленген, қандай бір қауымдастық құрайтын оқушылар тобына қызмет ететін арнайы кітапханалар;

/VI/ соқырларға арналған кітапханалар, аурухана кітапханалары және түрме кітапханалары сияқты еркін жүре алмайтын оқушылар мен дене мүшесі мен ақыл-ой қабілеті кеміс адамдарға арналған кітапханалар;

/VII/ фонотекасын қоса музыкалық кітапханалар;

/в/ жоғары оқу орындарына арналған және осындай орындар әкелетін оқулық ретінде қабылданған немесе ұсынылған кітаптар;

/с/ жергілікті негізгі тілдегі немесе әкелінетін елдегі тілден басқа шет тілдердегі к і т а п т а р ;

/d/ заттардың осы түрін салықсыз әкелу мақсатында әкелінетін елдің құзырлы өкіметтері бекіткен ұйымдар әкелетін оқу-ағарту, ғылыми және мәдени сипаттағы фильмдер, слайдтар, видеотаспалар және дыбыс жазбалары.

V

6. Келісуші Мемлекеттер әкелінетін елдің құзырлы өкіметтері бекіткен және соңынан шыққан еліне қайтаруға жататын, тек қана оқу-ағарту, ғылыми немесе мәдени сипаттағы заттардың көпшілік көрмесіне әкелінетін материалдар мен жабдықтарға Келісімнің III бабында қарастырылған жеңілдіктерді беруге міндеттенеді.

7. Әкелген елдің өкіметтеріне көрмені жапқаннан кейін айтылған материалдар мен жабдықтарды әкелінген еліне қайтару үшін қажет болатын шараларды қолдауына жоғарыдағы пункттегі ешнәрсе бөгет бола алмайды.

VI

8. Келісуші Мемлекеттер міндеттеме алады:

/а/ осы хаттамада қамтылған заттарды әкелуге Келісімнің IV бабының қағидаларын т а р а т а д ы ;

/в/ дамушы елдерде өндірілетін, білім, ғылым және мәдениетке қатысты заттар мен материалдардың еркін әкелініп, таралуын қатысты шаралар арқылы қолдайды.

VII

9. Келісуші Мемлекеттердің өздерінің заңдарына сәйкес Ұлттық қауіпсіздікке, қоғамдық тәртіпке немесе қоғамдық моральға тікелей байланысты себептермен заттарды әкелуге тыйым салу немесе шектеу немесе әкелінгеннен кейін таратуға қатысты шаралар қолдану құқығына осы хаттамадағы ешнәрсе тиіспейді.

10. Осы хаттаманың басқа шарттарына қарамастан Біріккен Ұлттар Ұйымының бас Ассамблеясы іс жүзінде сондай ел деп анықтаған, осы хаттаманың қатысушысы болып табылатын дамушы ел осы дамушы елдің жаңа пайда болған өнеркәсібіне айтарлықтай зиян тигізсе немесе тигізу қаупін төндірсе, осы хаттама бойынша кез келген зат немесе материалды әкелуге қатысты міндеттемелерін тоқтата тұруына немесе шектеу тұруына болады. Мұндай ел өз шараларын құқық шектеу жолдарымен жүзеге асырмайды. Ол ел

білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас директорына шара қолданудан бұрын іс жүзінде мүмкін болғанынша ертерек хабарлайды және білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас директоры бұл туралы хаттаманың қатысушыларына хабарлайды.

11. Осы Хаттама кез келген Келісуші Мемлекеттің заңдары мен реттелуші актілерін немесе оның авторлық құқық, сауда маркасы немесе патентіне қатысты кез келген халықаралық келісімдерін, конвенцияларын, немесе мәлімдемелерін өзгертпейді және қ о з ғ а м а й д ы .

12. Талас-тартыстарды реттеу мақсатында олар қол қоюы мүмкін бұдан бұрынғы кез келген конвенцияның қағидаларын ескере отырып, Келісуші Мемлекеттер осы хаттаманың түсінігі немесе қолдануы жөніндегі кез келген таластарды реттеу үшін келіссөздерді немесе мәмлеге келу жосығын пайдаланады.

13. Әкелінетін материалдардың ағартушылық, ғылыми немесе мәдени сипатына қатысты Келісуші Мемлекеттер арасында талас туа қалған жағдайда мүдделі жақтар өзара келісіп, кеңесші тұжырым алу үшін білім, ғылым және мәдениет жөніндегі біріккен Ұлттар Ұйымы Бас директорына жүгіне алады.

VIII

14. /а/ Осы хаттаманың ағылшын және француз тілдеріндегі мәтіндері тең дәрежеде бірдей, бүгінгі күнмен белгіленген және барлық мемлекеттердің - Келісімге қатысушылардың, сондай-ақ кедендік және экономикалық одақтардың егер оларға кіретін барлық мемлекеттердің-мүшелердің барлығы хаттаманың қатысушысы болып табылса, қол қоюларына ашық.

Осы хаттамада, сондай-ақ 13 пунктте айтылатын хаттамада қолданылатын " мемлекет" және "ел" терминдері, егер контексте қажет болса, кедендік және экономикалық одақтарға да және осы хаттаманың таралу ауқымы жөніндегі олардың құзырына жататын мәселелерге, оларға енетін мемлекеттер-мүшелердің біртұтас алғандағы аумағына қатысты, ал осы мемлекеттердің жеке аумақтарына қатысты емес.

Бұдан осы хаттамада Келісуші жақ болып ондай кеден және экономикалық одақтар Келісімнің қағидаларын хаттамаға қатысты алдыңғы пунктте қарастырылғанында негізде пайдалана алады деген түсінік туады.

/в/ Осы хаттама оған қол қойған мемлекеттердің өз конституциялық іс жосықтарына сәйкес бекітуіне немесе қабылдауына жатады.

/с/ Бекіту немесе қабылдау туралы актілер Біріккен Ұлттар Ұйымының бас хатшысына сақтауға тапсырылады.

15. /а/ Осы хаттамаға қол қоймаған, 14/а/ пунктінде айтылған мемлекеттер осы хаттамаға қосыла алады.

/в/ Қосылу Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына ресми актіні сақтауға беру жолымен жүзеге асырылады.

16. /а/ Осы хаттаманың 14/а/ пунктінде айтылған мемлекеттер қол қою, бекіту,

қабылдау немесе қосылу кезінде II Бөлімде, IV Бөлімде, C.1 Қосымшасында F Қосымшасында, G қосымшасында және H Қосымшасында немесе осы Бөлімдердің бірінде немесе осы Қосымшалардың бірінде қарастырылған міндеттемелермен байланып қалған есептемейтіндіктері туралы мәлімдеулеріне болады. Олар сондай-ақ осы Қосымшаны қабылдаған Келісуші Мемлекеттерге ғана қатысты міндеттемелерге байланып қалатындықтары туралы мәлімдеулеріне болады.

/в/ Мұндай мәлімдеме жасаған кез келген Келісуші Мемлекеттер оны толықтай немесе бір бөлігін кез келген уақытта Біріккен Ұлттар Ұйымының бас хатшысына мәлімдеме жолдау арқылы бұл шешім қашан күшіне енетін күнін көрсетіп қайтып алуына болады.

/с/ Осы пункттің /а/ подпунктіне сәйкес C.I қосымшасында көзделген міндеттемелерді мойнымызға алмаймыз деген мемлекеттер міндетті түрде C.2 Қосымшасындағы міндеттемелерді өзіне жүктейді. C.I Қосымшасындағы тек қана Келісуші Мемлекеттерге қатысты міндеттемелермен байланыстымыз деп мәлімдегенде және осы Қосымшаны өздері қабылдағандар C.I Қосымшасын қабылдамаған Келісуші Мемлекеттерге қатысты міндетті түрде C.2 Қосымшасымен байланысты болады.

17. /а/ Осы хаттама Біріккен Ұлттар Ұйымының бас хатшысы бекіту, қабылдау немесе қосылу туралы бесінші актіні сақтауға қабылдаған күннен кейін алты ай өткесін күшіне енеді.

/в/ Ол әрбір басқа мемлекет үшін ол бекіту, қабылдау немесе қосылу туралы өз актісін тапсырған күннен алты ай өткесін күшіне енеді.

/с/ Осы пункттің /а/ және /в/ подпункттерінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін бір ай ішінде Келісуші Мемлекеттер - осы хаттамаға қатысушылар білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымына хаттаманы толық орындау үшін қабылдаған шаралары туралы баяндайды.

/d/ Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Біріккен Ұлттар ұйымы бұл баяндамаларды осы хаттамаға қатысушы барлық мемлекеттерге жібереді.

18. Келісімге қосылған және оның ажырамас бөлігі болып табылатын хаттама, Келісімнің XVII Бабында қарастырылғанындай, осы хаттаманың ажырамас бөлігі деп жарияланды және осы хаттама жүктейтін міндеттемелер мен осы хаттама қамтитын бұйымдарға қатысты қолданылады.

19. /а/ Осы хаттама күшіне енгеннен кейін екі жыл өткесін кез келген Келісуші Мемлекет біріккен Ұлттар Ұйымының бас хатшысына жазбаша мәлімдеме тапсыру жолымен осы хаттаманың күшін жоя алады.

/в/ Күшін жою бұл туралы актіні алғаннан кейін бір жылдасын күшіне енеді.

/с/ Келісімнің күшін жою оның XIV Бабына сәйкес осы хаттаманың да автоматты түрде күшін жойғаны болып табылады.

20. Біріккен Ұлттар Ұйымының бас хатшысы 14 /а/ пунктінде айтылған мемлекеттерді, сондай-ақ білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Біріккен Ұлттар

Ұйымын 14 және 15 пункттерде айтылған бекіту, қабылдау немесе қосылу туралы актіні алғандығын; 16 пунктке сәйкес жасалған және қайтарып алынған мәлімдемелер туралы; 17/а/ және /в/ пункттеріне сәйкес осы хаттаманың күшіне енген күні туралы; және 19 пунктте қарастырылған күшін жою туралы хабарландырады.

21. /а/ Осы хаттама білім, ғылым және мәдениет жөніндегі біріккен Ұлттар ұйымының Бас конференциясында қайта қаралуы мүмкін. Бірақ мұндай кез келген қайта қарау тек қайта қаралған хаттамаға қатысушы болған мемлекеттер үшін ғана міндетті күшке ие болады.

/в/ Егер Бас конференция осы хаттаманы тұтас немесе ішінара қайта қараған жаңа хаттаманы қуаттаса және егер жаңа хаттамада басқаша белгіленбесе, осы хаттама қол қою, бекіту қабылдау немесе қосылу үшін жаңа қайта қаралған хаттаманың күшіне енген күнінен бастап ашық.

22. Осы хаттама Келісімді ауыстырмайды және жаңартпайды.

23. F, D, C.1, C.2, D, E, F, G және H қосымшалары осы хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылады.

24. Біріккен Ұлттар Ұйымы жарғысының 102 Бабына сәйкес осы хаттаманы күшіне енген күні Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы тіркейді.

ОСЫНЫ РАСТАУ ретінде төменде қол қоюшы, қажетті мөлшерде өкілетті біздер, өз үкіметтеріміздің атынан осы хаттамаға қол қойдық.

ҚОСЫМШАЛАР

А қ о с ы м ш а с ы

Кітаптар, басылымдар және құжаттар

/I/ Басылған кітаптар, қай тілде басылғанына және безендіруге берілген орынның көлеміне қарамастан, мыналарды қоса:

/а/ бай безендірілген басылымдар;

/в/ әкелінетін елде тұратын автордың қолжазбасынан шетелде басылған кітаптар;

/с/ сурет салуға және бояуға арналған балалар альбомы;

/d/ мектептердің басылған мәтіндері және оқушылар толтыратын бос орындары бар жаттығулар жинағы /жұмыс дәптері/;

/е/ мәтіні баспа әрпімен терген кроссвордтар жинағы;

/f/ жеке немесе беттері брошюроланған баспа беттері мен қосымша суреттер және кітап өндіру үшін пайдаланылатын репродукциялық оттискілер немесе репродукциялық пленкалар.

/II/ коммерциялық сипаттағы емес басылған құжаттар мен баяндамалар.

/III/ Осы Қосымшаның /I/ және /II/ пункттерінде аталған, сондай-ақ Келісімнің А Қосымшасындағы /I/ ден /VI/ дейінгі пункттерде аталған заттардың микроформалары.

/IV/ Оқу-ағарту, ғылыми немесе мәдени сипаттағы фильмдердің, дыбыс жазбаларының және басқа аудиовизуальдық материалдардың каталогі.

/v/ Геология, зоология, ботаника, минералогия, палеонтология, археология,

этнология, метеорология, климатология және геофизика сияқты ғылыми салаларда қажетті карталар мен сызбалар, сондай-ақ метеорологиялық және географиялық диаграммалар.

/VI/ Архитектуралық, өндірістік немесе инженерлік жоспарлар мен сызбалар және олардың көшірмесі.

/VII/ Ақысыз таратуға арналған библиографиялық ақпарат материалдары.

В қ о с ы м ш а с ы

Өнер туындылары және оқу-ағарту, ғылыми немесе мәдени сипаттағы коллекциялық заттар

/I/ Қандай материалға салынғанына қарамастан толық қолдан салынған картинкалар мен суреттер және олардың қолдан салынған көшірмелері, бірақ бұған өндірістік тәсілмен орындалған осындай бұйымдар кірмейді.

/II/ Өнердің бірегей туындылары болып табылатын керамика мен ағашқа ойылған мозаика.

/III/ Әкелінетін елдің құзырлы өкіметтері салықсыз әкелуге бекіткен, бірақ олар сату үшін әкелінбесе, галереялар, мұражайлар және басқа мекемелер үшін арналған коллекциялық заттар және өнер бұйымдары.

С . I қ о с ы м ш а с ы

Аудиовизуальдық материалдар

/I/ Фильмдер, диапозитивтер, микроформалар мен слайдтар.

/II/ Дыбыс жазбалары.

/III/ Оқу-ағарту, ғылыми және мәдени сипаттағы, ойыншық модельдерді қоспағанда, модельдер, макеттер және қабырғаға ілетін таблицалар.

/IV/ басқа аудиовизуальдық материалдар;

/a/ видеотаспалар, кинескоптар, видеодискалар, видеограммалар және бейне мен дыбыс жазудың басқа формалары;

/b/ микрокарталар, микроафишалар, сондай-ақ ақпарат пен құжаттың компьютерленген қызметінде пайдаланылатын ақпарат сақтаудың магнитті және басқа құралдары;

/c/ видеокассеталар мен аудиокассеталарды қоса қатысты баспа материалдарының жиынтығы түрінде болып келуі мүмкін бағдарлық оқытуға арналған материалдар;

/d/ тура сәуле түсіру арқылы немесе оптикалық аспап арқылы қарауға арналған диапозитивтер;

/e/ Лазерлік сәуле түсіру арқылы көрінетін голограммалар;

/f/ молекулярлық құрылым немесе математикалық формула сияқты абстрактілі идеялардың көлемді үлгілері мен макеттері;

/g/ ақпараттық құралдардың әртүрлі жиынтығы;

/h/ туризмге қолқабыс материалдары, әкелінетін елден тыс жерлерге халықтан шығуын ынталандыруға арналған, жеке фирмалар шығарған материалдар.

1. Көпшілікке коммерциялық көрсетуге немесе сатуға арналған сәуле түсірілген және сәулесі бекітілген кинофильмдердің тек негативі ғана рұқсат етілген делінген ұғым осы хаттаманың С.2 Қосымшасының қағидаларына сәйкес салықсыз әкелінетін фильмдерге /кинохрониканы қоса/ жатпайды.

Осы С.1 Қосымшасында қарастырылмаған салықтан босату мыналарға т а р а т ы л м а й д ы :

/а/ қолда бар пайдаланылмаған микрофильмдер және пайдаланылмаған аудиовизуальдық жазылымдардың құралдары және олардың арнайы қаптары - кассеталар, патрондар, бобиналар;

/в/ жеке коммерциялық мекемелер жарнама мақсатында немесе олар үшін шығарылған, /IV/, /h/ пункттерінде көрсетілгендерден басқа аудиовизуальдық ж а з ы л ы м д а р ;

/с/ жарнама уақытының 25% көбін алатын аудиовизуальдық жазылымдар, туризмді қолдауға арналған материалдарға келсек, проценттік өлшем тек қана жеке коммерциялық жарнамаға қолданылады.

С . 2 Қ О С Ы М Ш А С Ы

Оқу-ағарту, ғылыми немесе мәдени сипаттағы аудиовизуальдық материалдар

Оқу-ағарту, ғылыми немесе мәдени сипаттағы аудиовизуальдық материалдар, егер оларды ұйымдар /әкелетін елдің ұйғарымы бойынша радио және теледидар хабарларын тарату ұйымдарын қоса/ немесе басқа бір қоғамдық немесе жеке мекеме немесе бірлестік әкелсе және егер әкелінетін елдің құзырлы өкіметтері материалдардың бұл түрін салықсыз әкелу мақсатында бекіткен болса немесе оларды Біріккен Ұлттар Ұйымы немесе оның кез келген мамандандырылған мекемесі өндірісе:

/I/ фильмдер, диафильмдер, микрофильмдер және слайдтар;

/II/ бүгінгі күн оқиғаларын бейнелейтін кинохроника /дыбысталған немесе дыбысталмаған/ егер ол әкелу кезінде қажетті болса және сәулеленген және сәулесі бекітілген негатив формасында немесе басып шығарылған позитив формасында болса, салықсыз әкелу әр сюжеттің екі көшірмесімен шектеледі;

/III/ кинохроникамен бірге пайдаланылатын архив киноматериалы /дыбысталған немесе дыбысталмаған/ ;

/IV/ әсіресе балалар мен жастарға арналған көңіл көтеру фильмдері;

/ V / дыбыс жазбалары ;

/VI/ видеотаспалар, кинескоптар, видеодискалар, видеограммалар және бейне мен дыбыс жазудың басқа да формалары;

/VII/ микрокарталар, микроафишалар, сондай-ақ ақпаратпен құжаттарды компьютерлеген қызметтен қолданатын басқа да ақпарат сақтау құралдары;

/VIII/ видеокассеталар мен аудиокассеталарды қоса есептегенде баспа материалдарына қатысты жиынтықтар түріндегі бағдарламаны оқытуға керек

м а т е р и а л д а р ;

/IX/ тура көруге немесе оптикалық аспап арқылы көруге арналғандарын қоса
д и а п о з и т и в т е р ;

/X/ лазерлік сәулемен көру үшін голограммалар;

/XI/ молекулярлық құрылым немесе математикалық формулалар сияқты абстракті
идеялардың макеті немесе көлемді үлгісі;

/XII/ әртүрлі ақпарат құралдарының жиынтығы.

Д қ о с ы м ш а с ы

Ғылыми аспаптар немесе аппаратура

/I/ Ғылыми аспаптар мен аппаратура, мына жағдайда:

/а/ қоғамдық немесе жеке ғылыми немесе оқу-ағарту мекемелеріне арналса және
әкелінетін елдің құзырлы өкіметтері салықсыз әкелу мақсатында бекіткен заттардың
осы түрлері, егер олар осы мекемелердің бақылауында және жауапкершілігінде
коммерциялық мақсатқа пайдаланылмаса;

/в/ егер ғылыми құндылығы барабар аспаптар мен аппаратуралар әкелінетін елде
ә з і р г е ш ы ғ а р ы л м а с а .

/II/ Ғылыми аспаптарға немесе аппаратураларға арнайы таңдалып алынған запас
бөлшектер, детальдар немесе қосалқы жарақтар, егер олар сол аспаптармен,
аппаратурамен бірге әкелінсе, немесе олар кейіннен әкелінсе, онда оларды бұдан бұрын
салықсыз әкелінген немесе салықсыз әкелуге құқығы бар аспаптар мен
аппаратураларға арналған деп есептеуге болады.

/III/ Ғылыми аспаптарды тексеруге, күтімге алуға, үйлестіруге арналған саймандар,
егер бұл саймандар сондай аспаптармен және аппаратулармен бірге әкелінсе немесе
соңынан әкелінсе, онда оларды бұдан бұрын салықсыз әкелінген немесе салықсыз
әкелуге құқығы бар аспаптар мен аппаратураларға арналған деп есептеуге болады және
одан әрі егер ғылыми құндылығы барабар саймандар осы кезде әкелінетін елде
шығарылмаса.

Е қ о с ы м ш а с ы

Соқырларға және дене мүшесі немесе ақыл-ойы кеміс адамдарға арналған заттар

/I/ Соқырларға білім беру немесе көмек көрсету мәселелерімен айналысатын
мекемелер мен ұйымдар әкелетін соқырлардың арнайы білімін, ғылыми немесе мәдени
дамуына арналған барлық заттар, заттардың осы түрлерін салықсыз әкелу мақсатымен
әкелетін елдің құзырлы үкіметтері бекіткен:

/а/ "дыбысты кітаптар" /грампластинкалар, кассеталар және басқа дыбыс шығару
құралдары және үлкейтілген қаріпті кітаптар/;

/в/ соқырлар мен дене мүшесі мен ақыл-ой кемістігі бар адамдарға арналған немесе
ыңғайландырылған және "дыбысты кітаптарды" сөйлетуге қажетті фонографтар мен
к а с с е т т і о й н а т қ ы ш т а р ;

/с/ соқырлардың немесе көзі нашар көретін адамдардың кәдуілгі қаріпті оқуына арналған құрал-жабдықтар, мәселен, оқу үшін электронды машиналар, теледидар үлкейткіштері және оптикалық құралдар;

/d/ Брайль материалдарын немесе жазбаларды механикалық немесе компьютерлік өндіру құралдары, мәселен, стереотиптен басатын машиналар, Брайль қарпіне аударатын және осы қаріппен басатын электронды машиналар; Брайльдің компьютерлік терминалдары мен дисплейлері;

/e/ Брайль қағазы, Брайль кітаптарын және "дыбысты кітаптарды" шығаратын магниттік таспалар мен кассеталар;

/f/ соқырлардың жүруін жеңілдететін аспаптар, мәселен, кедергілерді көріп, бағдарды анықтайтын электронды аспаптар және ақ таяқтар;

/g/ Брайль сағаты, Брайль жазу машинкалары, оқу құралдары және оқыту құралдары, ойындар және соқырлардың қолдануына арнайы икемделген аспаптар соқырларды оқытуға, мамандандыруға, еңбек қызметіне тартуға арналған техникалық құралдар.

/II/ Дене мүшесі немесе ақыл-ойы кеміс адамдарды оқыту мәселелерімен немесе оларға көмек көрсетумен айналысып жүрген мекемелер немесе ұйымдар төте әкелетін барлық бұйымдар, заттардың бұл түрлерін салықсыз әкелуге елдің құзырлы өкіметтері бекіткен заттар, егер бұл заттар осы кезде бұл елде өндірілмейтін болса.

Ғ Қ О С Ы М Ш А С Ы

Спорт құрал-жабдықтары

Әуесқой спорттық бірлестіктер мен топтарға арналған, әкелінетін елдің құзырлы өкіметтері салықсыз әкелу мақсатында бекіткен спорттық құрал-жабдықтар, егер осыған ұқсас материалдар осы кезде бұл елде өндірілмейтін болса.

Ғ Қ О С Ы М Ш А С Ы

Музыкалық аспаптар және

басқа музыкалық құрал-жабдықтар

Мәдениет мекемелеріне немесе музыкалық оқу орындарына арналған, әкелінетін елдің құзырлы өкіметтері заттардың бұл түрлерін салықсыз әкелу мақсатында бекіткен музыкалық аспаптар және басқа музыкалық құрал-жабдықтар, егер олар осы кезде бұл елде өндірілмейтін болса.

Н Қ О С Ы М Ш А С Ы

Кітап, басылым және құжаттар

өндіруге арналған материалдар мен машиналар

/I/ Кітап, басылым және құжаттар өндірісіне қолданылатын материалдар /қағаз макулатурасын қайта өңдеу жолымен алынған целлюлоза, қағаз, типография қағазының газеттің және басқа сорттары, типография бояулары, желім, т.б./

/II/ Целлюлоза мен қағаз өңдеуге арналған машиналар, сондай-ақ баспа және түптеу машиналары, егер техникалық сапасы жағынан осылармен бірдей машиналар осы кезде бұл елде өндірілмейтін болса.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК